

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және
талдау орталығы» РММ**

ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ



Ақпараттық-анықтамалық материал

Астана – 2015

УДК 28
ББК 86.38
И 87

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының» РММ Ғылыми-сараптамалық кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған А.Әбдірәсілқызы, филол. ғ. к.

И 87 Исламдағы әйелдің жағдайы және құқықтары. Ақпараттық-анықтамалық материалы / Құраст.: Ж.Тенлибаева, Б.Алмурзаева, Б.Жанаков. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 54 б.

ISBN 978-601-7571-21-4

Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы тарапынан дайындалған бұл ақпараттық-анықтамалық материалда ислам дініндегі әйел адамдардың жағдайы мен құқықтары баяндалған. Сонымен қатар, көшпенділер тарихы үшін елеулі рөлге ие болған әйел образының ислам дінімен үндескен дамуы, Кеңес үкіметі тұсында орын алған феминизм бастаулары мен бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы әйелдің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі мәселелері қамтылған қамтылған.

Ақпараттық-анықтамалық материалда мол мағлұматтармен қатар тарихи мәліметтер мен ғибратты оқиғалар келтірілген.

УДК 28
ББК 86.38

© Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ АРАБ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРНЫ МЕН МӘРТЕБЕСІ	5
а) Қыз баланың әлеуметтік бейнесі.....	5
ә) Некелесу түрлері және отбасындағы әйел мәртебесі.....	6
2. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ	9
а) Ақида және фикһ іліміндегі әйелдің орны мен рөлі.....	12
ә) Ислам қоғамындағы әйел мәртебесі	22
3. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ.....	26
а) Байырғы қазақ қоғамындағы әйел мәртебесі	26
ә) Кеңес үкіметі кезеңіндегі әйел құқығы және феминизм.....	31
б) Қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы әйелдің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі	35
ҚОРЫТЫНДЫ	50

КІРІСПЕ

Әйел тақырыбы, соның ішінде діндегі әйел мәселесі өзіндік маңызға ие тақырып. Әрбір дін әйел затының қоғамдағы, отбасындағы орны мен құқықтарына қатысты өзіндік ұстанымдарын білдірген. Соның ішінде ислам діні әйел қауымының құқықтарын айрықша деңгейге көтеріп, оның отбасындағы, қоғамдағы орнын айқындап береді.

Ислам діні бейбітшілік пен тыныштықты татулық пен рухани бірлікті нығайтып, адам құқығының мұраларын сақтауға зор үлес қосты. Оның басты мақсаты – әділетсіздік пен қанаушылықты шектеп, адамзат баласына дінін, жаны мен мал-мүлкін, ар-намысы мен қасиетін сақтауға кепілдік беру. Ол әрбір тұлғаны белгілі бір құқықтарға ие етті. Соның ішінде әйел адамның құқығына да ерекше көңіл бөліп, оның ар-намысын қорғап, қоғамда лайықты орынға ие болуын қамтамасыз етті.

Алайда, көпшілік исламдағы әйелдің орны мен рөлі туралы шығармалармен көпшілік жете таныс болмағандықтан ислам мәдениетіндегі әйел адамның құқығына қатысты жаңсақ түсініктер белең алуда. Әйелді ерекше қадірлейтін ислам діні оның заманауи әлемдегі дамуына да негіз болатын қағидаттар қалыптастырған.

Дәстүрлі дін қағидаларын салт-дәстүрімізбен ұштастыра білген халқымыз да әйел затына ерекше көзбен қарады. Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіндегі, қоғамдағы имандылық ұстанымдары мен отбасылық құндылықтарды сақтаудағы, жас ұрпақ бойына дәстүрлі рухани құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеудегі әйел ананың орнын жоғары бағалаған. Рухани өмірімізде елеулі маңызға ие болған осындай құндылықтық ұстанымдар қазіргі Қазақстан қоғамында да жалғасын табуда.

Дегенмен соңғы кездері ақпарат кеңістігінде әртекті мәліметтердің көптеп көрініс табуы, сонымен қатар діннің ішкі мазмұнынан гөрі сыртқы формасына ден қойып, атрибуттық белгілерді дәріптеудің белең алуы аталмыш тақырыпқа тарихилық қағидаты тұрғысынан назар салу қажеттілігін тудырып отыр.

Осыған орай бұл еңбекте исламға дейінгі араб қоғамындағы әйелдердің орны, ислам дініндегі әйелдің жағдайы мен құқықтары, дәстүрлі қазақ қоғамы мен қазіргі Қазақстандағы әйел мәртебесі тақырыптарын жан-жақты талқылауға мән берілді.

1. ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ АРАБ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРНЫ МЕН МӘРТЕБЕСІ

а) Қыз баланың әлеуметтік бейнесі

Бүгінге дейін тарихшылар мен шығыстанушылар тарапынан исламға дейінгі көне араб қоғамындағы әйел адамның құқығына байланысты нақты деректер мен фактілер келтірілмеген. Дегенмен, зерттеушілердің басым бөлігі ислам діні келгенге дейінгі араб қоғамындағы әйел адамның әлеуметтік жағдайы қиын болғанын атап көрсетеді. Көне арабтардағы әйелдер тайпалық дәстүрлерге қатаң бағынды. Көптеген құқықтық мүмкіндіктен шеттетілді.

Араб түбегін мекен еткен тайпалардың әрқайсысы өздеріне тән жазылмаған дәстүрлі заңдарымен ерекшеленді. Оңтүстік аймақтарда өмір сүрген әйел адамдар көп жағдайда жергілікті тәртіпке бағынып, яһуди не христиан дінінің бірін ұстанған болса, солтүстік өңірлердегі араб әйелдері жабайы далалық бәдәуилік тұрмыс дәстүрін басшылыққа алған. Кейбір тайпалар әйелдерге сәл болса да азаматтық еркіндік берсе, басым бөлігі оларды адам қатарына да қоспады. Көне араб ерлері әйел адамды зат ретінде санап, тек тән рахаты үшін қолданатын. Бұған араб поэзиясындағы өлең жолдары мен тарихтағы оқиғалар куә.

Араб қоғамының отбасында ер адам толық басшылық жасады, билік іс жүзінде ерлердің қолында болды. Әйелді күйеуге қамқоршылары ұзататын және әйелдің қамқоршыларына қарсы шығуға құқығы болмайтын. Исламға дейінгі араб қоғамында зинақорлық кең етек алған, тіпті жезөкшелер есіктеріне белгі ретінде жалау іліп қойып, өздеріне келген еркектерді қабылдайтын. Мұндай жезөкшелердің бірі жүкті болып қалса, жақындасқан адамы оннан аз болған жағдайда, босанғанынан бірнеше күн өткен соң, өзімен жақындасқан кісілерді жинап, баланы олардың арасындағы өзі қалаған кісіге таңып: «Бұл – сенің балаң», – дейтін. Ал оның жақындасқан адамы оннан көп болса, жақындасқан адамдары жиналып, қайфтарды (із кесуші әрі адамдардың табандарына қарап олардың өзара туыс немесе туысқан еместігін ажырата алатын адам) шақыратын да, бала қайфтар нұсқаған кісіге таңылып, соның баласы саналатын және кісі баланы қабылдаудан бас тарта алмайтын. Ислам келген соң, Мұхаммед пайғамбар мұндай арсыздықтардың барлығына тыйым салды.

Арабтар тайпааралық соғыста жеңіліс тапқан рулардың әйелдерін тұтқынға алып, тұтқынға түскен әйелдерді күң-кәнизак ретінде ұстайтын және олардан туған балалар өмір бойы масқаралықтан арылмайтын. Исламға дейінгі кезеңде арабтарда әйелдің құқығы тым төмен еді. Арабтар тұңғыш перзенттері қыз болса, оларды тірідей жерге көметін. Өлтіруге қимағандары қыздарын ұлдарша киіндіріп, жұрттан жасырып ұстаған. Әйел мәртебесін тым төмендету себебі қыздар өскенде жезөкшелік жасап, «абыройымызға дақ түсіреді» деп ойлайтын. Шынында да исламға дейінгі жабайы араб қоғамында жезөкшелік асқынып тұрды. Арабтардың қыздарын тірідей жерге

көмуін Құран былайша сынға алды: «Егер олардың біреуі қызбен сүйіншіленсе (әйелінің қыз тапқанын естісе), оны ашу қысып, беті қарая бастайды. Өзіне берілген жаман хабардың салдарынан елден жасырынады. Оны қорлыққа шыдап ұстау немесе топыраққа көміп тастау керек пе? Олар нендей жаман үкім береді» (Нахл, 58-59). Ислам діні осылайша арабтардағы азғындық әрекетке тыйым салды.

Мұхаммед пайғамбардың әйел затына ерекше көңіл бөлу керектігі туралы хадистері өте көп. Солардың кейбіріне тоқталар болсақ: «Мұсылмандардың ең жақсысы, әйеліне дұрыс қарағаны», «Әйелдерге жақсы мінезде болыңыздар» деп өсиет етті. Жалпы, ислам әйелді қашан да құрметтеуге шақырады. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбар былай деді: «Әйелдерге ер кісілер өзінің апа-қарындастарындай мәміледе болуы керек. Еркекті адам ететін әйел».

Исламға дейінгі арабтарда кейбір кедей, тұрмысы нашар отбасылар тіпті ұл баласын да тірідей жерге көметін. Бірақ, халық ішінде есті, ақылды, парасатты жандар әлгі балалардың қыршынынан қиылуына тосқауыл болып, ата-анасынан сатып алып, өзі өсіріп, тәрбиелейтін. Ал басқа жағдайда арабтар ұл баланың туылуын құт-береке санап, қыз баланың туылуын қаламайтын.

ә) Некелесу түрлері және отбасындағы әйел мәртебесі

Исламға дейінгі дәуірде жеке адамның адамгершілігіне байланысты кейбір арабтар үйленетін болса, исламның кезіндегідей біреудің қызына немесе қамқорлығындағы әйелге құда түсіп, әйелге тиесілі мәһрін беріп, отау құратын. Алайда оларда еркек пен әйелдің қатынасында жиіркенішті, арсыз қылықтар да кездесетін. Мысалы, ер адам әйеліне етеккірінен тазарған кезінде: «Пәленшеге барып, онымен жақындас», – дейтін. Сөйтіп әлгі кісіден бала көтергені анықталғанға дейін әйелімен жақындаспайтын. Ал одан жүкті болғаны анықталған соң, қаласа, күйеуі әйелімен жақындаса беретін. Олар мұндай сорақылықты асыл тұқымды бала алу ойымен жасайтын.

Исламға дейінгі араб қоғамында әйелдердің санын шектеместен, көп әйелдерге үйленетін, апалы-сіңлілі әйелдерге қатар үйленетін және әкелері ажырасқан, әкелерінен жесір қалған әйелдерге үйлене беретін. Бұл туралы Құранда: «Әкелерің үйленген әйелдерге үйленбеңдер. Бірақ, бұрын өткені өтті. Өйткені, бұл – бір арсыздық, жеккөрінішті іс және жолдың жаманы. Сендерге аналарыңа, қыздарыңа, әпке-қарындастарыңа, әкелеріңмен бір туған әйелдерге, шешелеріңмен бір туған әйелдерге, бір туған бауырларыңның қыздарыңа, бір туған әпке-қарындастарыңның қыздарыңа, өздеріңді емізген сүт аналарыңа, бір еміскен сүт бауыр әпке-қарындастарыңа, әйелдеріңнің аналарыңа, үйленіп, жақындасқан әйелдеріңнің (бұрынғы күйеуінен болған) қолдарыңдағы өгей қыздарыңа үйлену тыйым салынды, егер ол әйелдерге жақындаспаған болсаңдар, сендерге күнә жоқ. Әрі бел балаларыңның әйелдері және әпке-сіңліліге қатар үйленулерің тыйым

салынды. Бірақ, бұрын өткені өтті. Ақиқатында, Алла – өте Кешірімді, ерекше Рақымды» (Ниса, 22-23) деп ескерту жасалған.

Ерлі-зайыптылардың ажырасуы да толықтай ер адамның қолында болды. Исламға дейінгі дәуірдегі арабтардың азат әйелдерге қарағанда күндермен ойнастық жасауы жиі кездесетін. Мысалы, Әбу Дауд Амр ибн Шұғайб арқылы оның атасынан жеткізген хадисте бір кісі орнынан тұрып: «Уа, Алла Елшісі! Негізінде, пәленше – менің балам. Жәһилият кезінде оның анасымен ойнастық жасағанмын» дегенде, Алла елшісі: «Исламда баланы біреуге таңушылық жоқ, жәһилияттің ісі жоғалды. Бала төсектікі, ал ойнастық жасағанның балаға құқығы жоқ» деп шешім айтқан (Әбу Дәуд, Ахмад).

Кейбір арабтар ұлдарын текті ету үшін әйелдерін өз қолымен ақсүйек адамның төсегіне апарып жатқызатын. Жезөкше әйелдер жүкті болып қалған жағдайда, қаиф деген (сәуегей) келіп, еркектердің біріне мына баланың әкесі сенсің деп, оны зинадан туған балаға әке ететін. Арабтардың «шиғар» деген некесі бойынша, қыздары бар арабтар бір-біріне қыздарын қалыңмалсыз беріп үйленетін. «Бәдел» деген неке бойынша, арабтар әйелдерін бір-біріне беріп айырбас жасайтын. Күйеуі өлген жесірді туыстарының бірі өзіне әйел ететін.

Ислам отбасылық қарым-қатынасты бірізділікке түсіріп, әйел мен ердің, ата-ана мен балалардың құқықтарымен міндеттерін анықтап берді. Отбасы – адамның өз бақытын тауып, ұрпақт жалғастыратын, әрі ислам діні бойынша күнә деп саналатын жаман әрекеттерден қорғайтын бірден-бір қорған. Ислам діні бойынша отбасы түрі патриархаттық негізде қалыптасты. Алайда, бұл «қараңғылық дәуірдегі» ер адамның отбасыдағы үстемдігінен өзгеше еді. Бірақ, отбасын басқаруда отағасы белгілі құқықтарға ие болды. Мысалы, әке өз баласын сатуға немесе өлтіруге шешім қабылдауға құқығы болмады. Осыған байланысты қараңғылық дәуірде орын алған жас сәбиді өлтіру әдетіне тыйым салынды. Сондай-ақ, мұсылман құқығында әйел кейбір мәселелер бойынша күйеуінен тәуелсіз болды. Алайда, ислам шарифаты бойынша еркектің қоғамдағы атқарар жұмысы ауыр болғандықтан, ер адамның әйелден кейбір мәселелерде үстемдікке болып саналады. Бұл жайында Құран былай дейді:

«Еркек әйелден бір саты жоғары тұрады. Себебі, ерлер әйелдер үшін мал-мүліктерін сарп етеді. Жақсы әйел еріне бойсұнады, ерлері жоқ кезде Алланы пана тұтып, өздерінің абыройын сақтайды. Ал егер олардан жаман қылық көрсендер үгіт-насихат айтып, ескертіндер, оған көнбесе төсекте бірге жатпаңдар. Онда да болмаса (соңғы шара ретінде) ұрыңдар. Егер бағынса, басқа жол іздеп оларды жәбірлемендер. Алла сендерден ұлы, әрі үстем. Ерлі-зайыпты екеудің ынтымағы жараспай бара жатқанынан қауіптенсеңдер, онда ер жағынан бір әділ адамды, әйел жағынан бір әділ адамды жұмсандар. Алла оларды татуластырар болса, онда араларының жарасып кетуіне дәнекер болыңдар. Алла шынында да бәрін біліп, барлығынан хабардар болып тұрады» (Ниса, 34-35).

Құранның бұл үкімдерінің басты мұраты отбасының татулығын сақтап, әйел мен ердің арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, оны шешу үшін ортаға татуластырушыларды салып, отбасының айрылысуын тоқтатуды көздеген. Ислам діні патриархаттық отбасыны белгілі бір өлшемде ғана қолдады. Өйткені, отбасылық қатынаста ер адамның әйелдің көңіліне қарау, азық-түлікпен қамтамасыз ету, киіндіру секілді міндеттері және әйелдің тәуелсіз жеке көзқарасының болуы, мұсылман құқығында әйел мен еркектің белгілі бір деңгейде теңдігі болғандығын көрсетеді. Тарихта ислам мемлекеті қалыптаспай тұрып-ақ, Мекке кезеңінде Құран Кәрім әйел мен еркек теңдігін былай айқындады: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая етпеймін. Сендер бір-біріңненсіңдер» (әл-Имран, 195). Мұхаммед пайғамбар да әйел мен еркектің теңдігі хақында: «Әйелдеріңіздің сіздерде, сіздердің әйелдеріңізде хақыларыңыз бар» деген болатын.

Исламнан бұрынғы арабтардың азғынданғаны соншалықты, тіпті олар өгей шешелеріне де үйлене беретін. Құранда әке-анаға ізгілік жасау жайында: «Сендерге Алла тек өзіне ғана бойсұнуды бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсиет етті. Олардың біреуі немесе екеуі бірдей қартайып (қалжырап) қалса «үһ» деуші болмаңдар, зекіп ұрыспаңдар. Екеуіне де ізетті болыңдар. Екеуіне де зор мейіріммен, кішіпейілмен бас иіңдер. «Аллаһым, олар мені бала кезімде қалай мәпелеп өсірсе, Сен де оларға сондай рахымдылық ете гөр!» деп айт» делінген (Исра, 23-24).

Исламнан бұрынғы дәуірде арабтарда «Нихлә» деп аталатын қыздың құны берілетін болған. Оны тек қыздың өкілдері алатын. Ал ислам шарифаты бойынша әйел адам мәһірдің құнын өзі белгілейді, жұмсауы да өз еркінде.

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тұрпайы әдеттердің бірі – тайпалық дәстүр бойынша шеше, әйел, қыз, сәбилер мирас алу құқығына ие болмайтын. Тек соғысуға жарайтын ер адам ғана мирасты иеленетін. Осыдан араб қоғамында дүние-мүлікті мұраға қалдыруда үнемі келіспеушіліктер мен реніш туатын еді.

Құранда былай баяндалады: «Және Алланың сендерді басына тұрғызған малдарды ақылсыздарға бермеңдер (Жетімнің малын ақыл-есі толмай өздеріне тапсырмаңдар). Оларды тамақтандырып, киіндеріңдер де, оларға сыпайы сөз сөйлеңдер. Жетімдерді үйлену шағына жеткенше сынаңдар. Сонда егер олардан естиярлық көрсеңдер, дереу олардың малдарын өздеріне беріңдер. Сондай-ақ, олардың ержетуінен қорқып, ысыраптап, тездетіп жемеңдер..» (Ниса, 5-6).

Қайтыс болған адамның баласы болмай, әке-шешесі болса, онда әйеліне мұраның үштен бірі тиесілі болды. Егер, қайтыс болған адамның аға-іні, әпке-қарындасы болса, онда әйелге мұраның алтыдан бірі тиді. Ал, қайтыс болған адамның баласы мен әке-шешесі болмаса, онда әйеліне мұраның жартысы қалдырылды. Қайтыс болған адамның әке-шешесі жоқ, бірақ, балалары болса, онда әйелге мұраның төрттен бірі тиесілі. Қайтыс болған адамның әке-шешесі мен баласы болмаса, қайтыс болушының аға-іні, әпке-

қарындастары мұраның алтыдан бірін ала алды. Ал, егер марқұмның туыстары көп болса, онда мұраның үштен бірі солардікі. Марқұмның артында жалғыз қыз баласы қалған жағдайда, мұраның үштен бірі қызына қалдырылып, мұраның қалған бөлігі жетім-жесір, жарлы-жақыбайларға берілді.

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тағылық әдеттердің бірі, қайтыс болған адамның жесіріне қайтыс болған адамның ағасы немесе інісі мұра ретінде қарап, оған зорлықпен үйленетін. Ал, мұсылман құқы әйелдің еркі болмаса, зорлықпен әмеңгерлікке алуға тыйым салды. Бұл туралы Құранда: «Әй, мүміндер! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларың халал емес..» (Ниса, 19). Шариғат заңы бойынша мұра алам деп бір-бірін өлтіргендерге мұрадан үлес берілмеді. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбар: «Өлтірген адамға мұрадан үлес жоқ» деген болатын. Сонымен қатар, мұсылман құқында некесіз туылған балалар мұрагерлік құқына ие бола алмайды.

Осылайша исламға дейін әйел затын құмар қандырушы бір сәттік ләззатқа балаған араб қоғамына ислам түбегейлі өзгерістер әкелді. Исламның келуімен ескі тағылық, тұрпайы іс-әрекеттердің бәріне тыйым салынып, жеңіл жүріс пен көңіл көтеру, зина секілді азғынданудан ада, пәк, белгілі бір тәртіпке бағынған абыройлы отбасы пайда болды.

2. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Ислам діні жалпы адам құқығына, оның ішінде әйел адамның құқығына айрықша мән беріп, оның ар-намысын қорғап, оның қоғамда лайықты орынға ие болуын қамтамасыз етеді.

Ислам дінінің келуімен әйел адамға деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, әйелге ерекше мәртебе берілді. Бұл исламның ілгерішіл екендігін айғақтайды.

Ислам діні ең алдымен сәбилердің өлтірілуіне тыйым салды. Қызды тірідей көму сияқты надандық дәстүрді Құрандағы «Жарлы күй кешіп, тұрмыс-тіршіліктерің нашар болғандығы үшін балаларыңды өлтірмеңдер! Сендердің де, олардың да ризығын Біз береміз» (Әнғам, 151), «Тірідей көмілген балаларыңа «Қандай кінәларың бар еді, нендей күнә үшін өлтірілдіңдер?» деп сұралғанда...» (Тақуир, 8-9) деген аяттармен тоқтатты.

Балалардың арасын алалағанды құп көрмеген Мұхаммед пайғамбар: «Кімде-кімнің үш (екі я бір) қызы болса, соларға жақсы қараса, ақыретте жұмаққа барады» деп, қыз балаға мейіріммен қарап, ұлдан кем көрмеуді өсиет еткен.

Қыз баланы өлтіруге тыйым салумен шектелмеген ислам діні әйелге деген құрмет пен қамқорлықты айрықша насихаттады. Әйелдің отбасындағы және қоғамдағы орны айқындалды. Әйелдің міндеттерімен қатар құқықтары да белгіленіп, ар-намысы мен абыройы қорғалатын болды. Ислам дінінің

әйелдерге ерекше қамқорлық танытуы адамзат тарихындағы айрықша оқиғалардың бірі болды.

Ислам діні келген алғашқы кезеңде Құран кітабы әйел мен еркектің Алла алдында құқықтары мен міндеттері тұрғысынан тең екенін мынадай аяттармен нақтылады: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая етпеймін. Сендер бір-біріңненсіңдер (Бәрің бірдейсіңдер)» (Әли Ғымран, 195), «Ер немесе әйелден кімде-кім иман келтірген күйде түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жаратамыз. Әрі оларға жасаған істерінен жақсырақ сыйлық береміз» (Нахыл, 97).

«Мүмін ерлер мен мүмін әйелдер, бір-біріне көмекші. Олар дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосады. Сондай-ақ олар намаздарын толық орындап, зекет беріп, Аллаға, Елшісіне бой ұсынады. Соларды Алла, мәрхаметіне бөлейді. Расында Алла тым үстем, аса дана» (Тәубә, 71), «Олар сендерге киім, сендер де оларға киім (іспетті) сіңдер» (Бақара, 187) деген аяттар әйел мен еркектің бір-біріне тең және бір-бірін толықтыратын жандар екенін көрсетеді.

Сонымен қатар ер адам болсын, әйел адам болсын жақсы амал істегендердің ең жақсы сыйға бөленетіндігі Ахзаб сүресінде «Сөз жоқ, мұсылман ерлер және мұсылман әйелдер, мүмін ерлер және мүмін әйелдер, бой ұсынушы ерлер және бой ұсынушы әйелдер, шыншыл ерлер және шыншыл әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы әйелдер, ықыласты ерлер және ықыласты әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және әйелдер, Алланы көп зікір етуші ерлер және әйелдер, Алла (Т.) бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі» (Ахзаб, 35) делініп, егжей-тегжейлі түсіндірілген.

Ер адам да, әйел адам да өздері істеген амалдарының сыйы мен жазасын тең түрде алады: «Ер немесе әйел адамнан кім иман келтірген күйде ізгі амалдарды істесе, міне солар жәннатқа кіреді. Ешқандай әділетсіздікке ұшыратылмайды» (Ниса, 124), «...Ер, әйелден кімде-кім сенген түрде ізгі іс істесе, ал міне, солар жәннатқа кіреді. Сондай-ақ олар онда есепсіз ризыққа бөленеді» (Ғафыр, 40), «Енді біл! Шын мәнінде, Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Өзіңнің әрі мүмін ер, әйелдердің күнәларының жарылқануын тіле!» (Мұхаммед, 19).

Сонымен қатар ер адамның дұғасының қабыл етілетініндей, әйел адамның да тілегіне жауап берілетіндігі, ешбірінің де істеген жақсылығының елеусіз қалмайтындығы туралы Құранның Әли Ғымран сүресінде былай көрсетіледі: «Тәңірі олардың тілектерін қабыл етті. Мейлі ер болсын, мейлі әйел болсын, қандай да бір жақсы іс істеген адамның еңбегін зая етпеймін. Сендер бір-біріңненсіңдер» (195-аят).

Мұхаммед пайғамбар Мәдинаға хижрет жасағанда ерлер секілді әйелдердің де сертін алған. «Әй Пайғамбар! Егер саған мүмін әйелдер, Аллаға еш нәрсені ортақ қоспауға, ұрлық қылмауға, зинашы болмауға балаларын өлтірмеуге, қол-аяқтарының арасынан бір жала жаппауға, (Суық

жолдан тапқан баланы өз еріне телімеуге.) және ізгілік істеуге, өзіне қарсы келмеу үшін келген кезде, олардың (биғаттарын) серттерін қабыл ал. Олар үшін Алладан жарылқау тіле. Өйткені Алла, тым жарылқаушы, ерекше мейірімді» (Мұмтахинә, 12). Бұл әлеуметтік және діни өмірде құқық пен жауапкершілік тұрғысынан ислам дінінде әйел мен еркек деп бөлушіліктің жоқ екенін көрсетеді.

Ислам дінінде әйел мен еркек физиологиялық және психологиялық жаратылысы тұрғысынан ерекшеленеді. Психологиялық тұрғыдан әйел сезімтал және тез әсерленгіш етіп жаратылған. Ал ер адамның жаратылысы мұндай емес. Физиологиялық тұрғыдан еркектің жаратылысы күштірек болып жаратылса, әйелдің күші аз болады. Екі жақтың да өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл жағдай еркектің үстемдігін немесе әйелдің әлсіздігін көрсетпейді. Керісінше, бұл жағдай – екі жақтың бөлек жаратылысы ерекшеліктерінің табиғи нәтижесі. Сондықтан өмір сүру салты осыған сай реттелуі керек. Олар адам ретінде Алланың алдында тең. Құранда әйел мен еркекке бірдей назар аударылады. Діни жауапкершіліктерде, ғибадаттарда, ахлақтық құндылықтар мен ізгіліктерде әйел мен еркектің арасында айырмашылық жоқ. Исламда адамдар арасындағы үстемдік тек тақуалықта деп саналады.

Табиғи ерекшеліктеріне сәйкес ерлер мен әйелдер бір-бірінің мінезіне немесе қасиетіне ие бола алмайтыны секілді, бір-бірінің құқығы мен міндеткерліктерін де иемдене алмайды. Ерлер мен әйелдер өздеріне тән мінез-құлқы, қасиеттері, құқықтары мен міндеттері бар дербес тұлғалар ретінде қарастырылады. Әйелдердің құқықтары мен міндеттерінің басым бөлігі олардың ана және жар ретіндегі отбасындағы роліне көбірек қатысты болып келеді. Ал, ерлер отбасының асыраушысы, қоғамдағы негізгі міндеттерді атқарушы ретінде отбасынан тыс құқықтарға көбірек ие. Осы ерекшеліктерді теңсіздік ретінде бағалау әрекеттерін діннің негіздерін шынайы, терең түсіне білмеудің салдары деп бағалаған жөн.

Жалпы ер мен әйел бір-бірін толықтыратын, өзіндік ерекшеліктерге ие екі жұп етіп жаратылған. Құранның Рум сүресінің 21-аятында «Сендерге олардан тыныштық табуларың үшін өздеріңнен жұбайлар жаратып, араларыңда махаббат пен мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларды ойланған ел үшін белгілер бар» делінеді. Аяттан байқағанымыздай ер мен әйел бір-бірі үшін жаратылғандықтан, өз теңін тауып, отбасын құрғанда жандары тыныштық тауып, бақытты ғұмырдың алғышарттарына қол жеткізеді.

Ислам әйелдің өзіне тән ерекшеліктерін ескереді. Сондықтан Исламдағы әйел мен ердің әрқайсының құқықтары мен міндеттерін олардың табиғи ерекшеліктері негізінде тағайындаған. Мәселен, ер адам ауыр әрі қиын жұмыстарды атқаруға төзімді келеді. Сол себептен де отбасы істерін бөлгенде әйелді қамтамасыз ету ер адамға жүктелген. Исламда айрықша көңіл бөлінген маңызды мәселе – әйелдің жұбайлық және аналық ролін

орындауы үшін оның жан тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау болып табылады.

Әйелге құрметпен қараудың ерекше үлгісін Мұхаммед пайғамбардың өзі көрсетіп берді. Мұның мысалы ретінде мынадай хадистерді келтіруге болады: «Жұмақ – аналардың аяғының астында», «Мұсылмандардың ең жақсысы әйеліне дұрыс қарағаны», «Әйелдермен жақсы қатынаста болыңдар» және т.б. Сонымен қатар исламда ананы қадірлеуге қаншалық мән бергенін «Кімге жақсылық жасайын?» деген сахабаға үш рет «Анаңа» деп жауап бергендігі туралы хадистен аңғаруға болады. Бірде Мұхаммед пайғамбарға бір адам келіп «О, Алланың елшісі! Мен анамды арқама салып алып, қатты шыжыған ыстықта он алты шақырымдай арқалап жүрдім. Мен осы әрекетіммен оның еңбегін өтедім деп санауға бола ма?» деп сұрайды. Бұған Мұхаммед пайғамбар былай жауап берген: «Сенің бұл ісің анаңның толғақ кезінде көрген азабының азғана бөлігінің төлеміне жатады».

Ислам дініндегі әйелге көрсетілетін қамқорлықтың маңыздылығын мына хадистен де көруге болады: «Кімде-кім екі қызына немесе қарындастарына немесе анасының сіңлілеріне немесе әкесінің қарындастарына немесе әжелерге қамқорлық етсе, жәннатта Менімен бірге болады. Ал кімде-кім жоғарыда аталғандардың үшеуіне қамқорлық етсе, құтқарылушылардан болып, жетістікке ие болады. Ал кім олардың төртеуіне немесе бесеуіне қамқорлық етсе..., ей адамдар, солар секілді болыңдар» (Абу әл-Мухбирден Табарани риуаят еткен).

а) Ақида және фикһ іліміндегі әйелдің орны мен рөлі

Ислам дініндегі әйел затының мәртебесі туралы ақида ілімінде бірқатар ізгі көзқарастар бар. Бұл мәселеде имам Әшғари әйелдердің де пайғамбар бола алатынын айтады. Ол өзінің пікірлерін Құранның сол уақытта періштелер: «Әй Мәрийем! Шәксіз, Алла сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды» деді» (Әли Ғымран, 42), «(Мұхаммед Ғ.С.) Құрандағы Мәриямды айтып бер. Сол уақытта ол тұрған үйінің шығыс жағындағы бір орынға жекеленіп барды. Сонда олардың бергі жағынан шымылдық ұстап қойған еді. Сондай-ақ оған рухымызды (Жебірейілді) жібердік те ол оған толық адам бейнесінде көрінді. (Мәриям): «Егер сен тақуа болсаң да сенен Аллаға сиынамын» деді. (Рух): «Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Раббыңның елшісімін» деді» (Мәриям, 16-19) деген аяттарына сүйеніп айтады. Құрандағы бірнеше аятқа сүйене отырып Мәриямның нәби екендігіне сенгендер расул мен нәби арасындағы айырмашылықты көрсетіп, «Нәби – уағыздау міндеттелсе де, міндеттелмесе де уахи келген адам» деген анықтамаға сүйенген. Осыған орай пайғамбар болуы ықтимал алты әйел мыналар: Хауа, Сара, Хажар, Мұсаның анасы, Асия және Мәриям.

Ал, имам Матуридидің ақидасы бойынша пайғамбарлар тек еркек нәсілінен келеді. Матури сеніміндегілер бұған дәлелді Құранның мына аяттарынан келтіреді: «Сенен бұрын да кенттердің халқынан өздеріне уахи

етіп, еркектерді ғана жібердік. Ал енді олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме? Әрине, ақырет жұрты тақуалар үшін қайырлы, түсінбейсіңдер ме?» (Юсуф, 109), «(Мұхаммед Ғ.С.) сенен бұрын да өздеріне уахи етіп, еркектерді ғана өзіне елші етіп, жібердік. Егер білмесендер, кітап иелерінен сұрандар» (Нахл, 43), «Сенен бұрын да өздеріне уахи етіп, еркектерді ғана жіберген едік. Егер білмесендер Кітап иелерінен сұрандар» (Әнбия, 7).

Сонымен бірге, имам Әшаридің пікірінше әйел адам муфти, әкім және дін уағызшысы бола алады. Себебі, жақсылыққа бастау, жамандықтан тыю (әмр бил-мағруф уа нахи анил-мүнкер) олардың да парызы саналады.

Имам Матуриди әйел затының әмірші, әскербасы, қазы қызметін атқаруы жөн болмайды, себебі бұл міндеттер әйелдің нәзік болмысына ауыр соғады деп білген. Бірақ әйел адам дін мәселелерінде шешім шығарып, пәтуа бере алады деп тұжырымдаған. Себебі пәтуа беру ең алдымен ислам дінін жетік меңгеруге, екіншіден қисынды ойлау мен парасатты пайымдау қабілетіне, үшіншіден тапқырлық пен шешендікке байланысты болып келеді. Бұл имам Матуридидің ақыл-парасат жөнінен әйелдерді ер азаматтан кем көрмей, ерекше сеніммен қарағанын, бұған негіз боларлық дәлелдер исламда жеткілікті екенін айғақтайды.

Исламдағы әйелдің құқығы туралы Құранда «Ерлердің әйелдердегі хақтары сияқты, әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары бар» (Бақара, 228) деп көрсетілген.

Ислам діні қажет жағдайларда күйеуінің рұқсатымен әйелдің де жұмыс істеп, табыс табуын құптайды. Тұрмысы нашар отбасыларда күйеуіне көмектесу үшін немесе жесір қалған әйелдің бала-шағасын асырауы үшін табыс табуына қарсылық білдірмейді. Сонымен қатар ислам діні әйел адамның бостан-бос отыруын, жалқаулыққа салынуын да құптамайды.

Ислам келгеннен кейінгі кезеңде сахаба әйелдер әртүрлі кәсіптермен шұғылданған. Мұхаммед пайғамбар оған қарсылық білдірмеген. Толғатқан ананы босандыратын, кісі жалдап, сауда керуендерін шетелдерге жіберетін әйелдер де болған. Мұхаммед пайғамбар әйелі Хафсаға жазу үйрету ісін жүктеген. Сахаба Абдуллаһ ибн Масғұдтың жұбайы Раита қолөнермен айналысқан. Қол еңбегімен табыс тауып, отбасын асырап, күйеуіне көмектескен. Зейнеп бинт Жахш тері өңдеу ісінің асқан шебері болған. Ол осы еңбегімен тапқан табысының бәрін Алланың жолына жұмсайтын болған.

Ислам дінінің амалдарын орындауда әйел мен ер адам арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Бұл өзгешеліктер әйелдің құқын шектеу емес, керісінше әйелге тән физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты жеңілдіктер болып табылады. Яғни, ислам шарифаты әйелдің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін, оның отбасының шаруасы мен бала тәрбиесімен айналысатынын ескеріп, көптеген жағдайларда белгілі бір жеңілдіктер берген. Мысалы, әйелдерге тән ерекше күндерде (хайыз және нифас) кейбір құлшылықтарды өтемеуге рұқсат беруі оны кемсіту емес, қайта оған жасалған жеңілдік пен артықшылық болып саналады.

Исламға дейінгі араб қоғамындағы ең азғын әрекеттердің бірі болған зинақорлыққа ислам діні келгеннен кейін қатаң тиым салынған. Мұхаммед пайғамбар зинақорлық жасауға тиым салып қана қоймай, бұл үкімнің мәнін тәптіштеп жан-жақты түсіндірген.

Бір күні мұсылмандықты қабылдағанымен қараңғылық дәуірде бойына сіңіп қалған зинақорлық секілді жиіркенішті әдетінен арыла алмаған бір жас жігіт пайғамбарға келіп «Уа, Алла елшісі, маған зина жасау үшін рұқсат берсең?» дейді. Пайғамбардың жанында отырғандар жігіттің әбес өтінішін ести сала, оған бірден ұрыса бастайды. Сонда Мұхаммед пайғамбар жігітті қасына шақырып «Осындай нәрсенің сенің анаңа жасалғанын қалар ма едің?» деп сұрайды. Сонда жігіт «Әрине қаламаймын!» дейді. Пайғамбар «Ешқандай адам анасына мұндай жиіркеніштілікті қаламайды. Сенің қызың болса, оған осындай нәрсенің жасалғанын қалар ма едің?» дейді. Жігіт «Ей, Алланың елшісі, еш қаламас едім!» дейді жаны одан сайын түршігіп. Пайғамбар «Ешбір жан да қызына мұны тілемес еді. Ал әпкелеріңе осындай нәрсе жасалғанын қалар ма едің?» дегенде әлгі жігіт «Жоқ, мұны да қаламаймын» деп жауап береді. Мұхаммед пайғамбар «Ешкім де әпкелеріңе мұндай сорды қаламайды. Қарындастарыңа ше, оларға осындай жамандық жасалғанын қалар ма едің?» дегенде әлгі жігіт «Жо-жоқ, қаламаймын» деп жауап береді. «Ешкім де қарындастарын қасіретке душар еткісі келмейді» деген Алла елшісі қолын әлгі жігіттің жүрек тұсына қойып: «О, Аллам, бұның күнәсін кешір, жүрегіндегі жамандықтарды тазала, намысын сақтауға жәрдемші бол!» деп дұға етеді.

Ислам діні отбасы, неке мәселесіне ерекше мән береді. Өйткені отбасынан қоғам құралады. Ал, сол шаңырақтың шырағы, ұрпақты дүниеге әкеліп, тәрбиелеуші әйел адамға ислам діні айрықша орын береді.

Ислам діні келгенге дейін неке мәселесіне әйелдің құқығы тапталып, ерлер әйелдің келісімін алмастан үйлене беретін болса, ислам діні келгеннен кейін әйелдің келісімінсіз неке қиылмайтын болды. Осыған мысал ретінде мына оқиғаны келтіруге болады:

Мәдина тұрғыны Хидамның қызы Ханса бір күні Айша анаға барып: «Әкем мені беделіне қарап, бір туысына қоспақшы. Менің келісімімді сұраған да жоқ. Мен қыз ретінде өмірлік жолдасымды таңдау құқығым жоқ па? Ислам маған мұндай құқықты бермей ме? Әкемнің қалағанын таңдауға мәжбүрмін бе?» деп сұрайды. Айша ана бұл мәселе туралы пайғамбардан сұрағанда «Дереу қыздың әкесі Хидамды тауып әкеліндер» дейді. Келген соң Хидамнан істің мән-жайын сұрайды. Сонда Хидам «Иа, расулуллах! Менің таңдағаным – жақсы отбасының ақылды баласы. Менің қызыма сол лайық» дейді. «Хидам, бұл жігітпен өмір сүретін сен бе, әлде қызың ба?» дейді пайғамбар. Хидам «Қызым» дегенде пайғамбар «Олай болса кім бірге өмір сүретін болса соңғы шешімді қабылдау да соның құқығы емес пе? Қызың бірге өмір сүретін адамын ұнату құқығына ие болмаса, ұнатпаған адамымен қалай бақытты өмір сүреді? Дереу бұл келісімді бұз» дейді. Осы кезде арғы жақтан қыздың даусы келеді: "Иа расулуллах! Әкемнің таңдауымен

келісемін. Келісімді бұзбасын. Әкемнің өз таңдағанын таңдауға мені мәжбүрлеуі қалада «Қыздардың таңдау құқығы жоқ» деген түсініктің таралуына себеп болды. Сол себептен де сұрауды жөн санадым. Енді қыздардың таңдау құқығы бар екені түсінікті болды. Жанұясы қызды мәжбүрлей алмайды. Мен әкемнің таңдаған адамына өз еркіммен келісемін. Әкем сөзінде тұрмағандай болып қалмасын. Әрине, ешқандай әке қызына жаман адамды қаламайды" дейді.

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тағылық әдеттердің бірі қайтыс болған адамның әйеліне қайтыс болған адамның ағасы немесе інісі мұра ретінде қарап, оған зорлықпен үйленетін. Ал, мұсылман құқығы әйелдің еркі болмаса, оны зорлықпен әменгерлікке алуға тыйым салды. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «Әй мүміндер! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларың халал емес..» (Ниса, 4/19).

Неке – ер мен әйелдің өз еріктерімен өмір бойы бірге өмір сүруін қамтамасыз ететін, бірін екіншісіне адал ететін материалдық-рухани байланыс. Құранда «Біз әр нәрсені жұп-жұбымен жараттық, бәлкім ойланарсыңдар» делініп, әрбір нәрсенің жұптаса өмір сүретіндігін көрсетеді (Зарият, 49). Мұхаммед пайғамбар да «Ей, жастар қауымы! Кімнің мүмкіндігі жетсе дереу үйленсін. Себебі үйлену көзді харамнан, абыройды жойылудан ең жақсы қорғайтын нәрсе» деп отбасын құрудың жеке адам үшін де, қоғам үшін де пайдалы нәрсе екеніне, адамды жауапкершілікке тәрбиелейтініне назар аударады. Мұхаммед пайғамбар өз хадисінде былай деген: «Неке менің сүннетім, кім менің сүннетімнен бет бұрса, ол менің үмметім емес». Ислам құқығында некенің рүкіндері (құрамдас бөлігі) бар:

- 1) ижаб (ер кісінің некелесуге ұсыныс білдіруі);
- 2) қабул (әйел адамның ұсынысқа келісімін беруі).

Осы рүкіндерден әйел адамның келісімінсіз неке рәсімі орындалмайтынын байқауға болады. Демек, ислам діні неке қиып отбасылы болуда да әйел адамға толық ерік беріп таңдау құқығынан айырмаған.

Ислам құқығында отбасы құрудың алғашқы шарты неке қидыру болса, неке қиюдың да өз шарттары бар. Біріншіден, екі жастың ризашылығының болуы. Яғни, екі адамның бір шаңырақ астында тұра алатындығын түсініп, өз жүрек қалауларымен келісуі. Неке материалдық жағдайға байланысты немесе қиындықтардан арылу үшін ықылассыз, мәжбүрлі болмауы керек. Екіншіден, екі куәгердің болуы. Куә болатын адам – осы екі адамның отбасын құрып, бірге тұра алатынына кепілдік беретін адам. Үшіншіден, қызға сұраған сыйын беру (мәһір).

Хадисте «Үш нәрсемен қалжыңдап ойнауға болмайды: неке, талақ және ант» деген. Исламда рұқсат берілгенмен неке бұзу құптарлық іс емес. Қандай жағдай болса да отбасын сақтауға екі тарап та күш салуы тиіс. Әрбір адамның басында кемшілігі бар, оны кешіре білу де дініміздің бір ұстанымы. Осыған қатысты хадисте «Мұсылман ер мұсылман әйеліне кек сақтамасын. Оның бір мінезін ұнатпаса, басқа бір мінезін ұнатады» (Мұслим, Рада, 61; 2/1091) дейді пайғамбарымыз.

Исламда ерлі-зайыптылардың бір-бірін таңдауда қателесудің және әртүрлі жағдайда келіспеушіліктердің болатынын ескеріп, отбасының бұдан әрі бірге өмір сүруі мүмкін болмаған жағдайда, олардың ажырасуына рұқсат берген. Мұсылман құқығы бойынша талақ (ажырасу) үкімін отбасыны бұзу үшін емес, қайта оның беріктігі үшін қолданады. Яғни, жұбайлардың үйленбестен бұрын жіберген қателігін немесе отбасы болғаннан кейінгі қателікті түзету үшін талақ жүзеге асырылады. Сондай-ақ талақ жасалған кезде, әйел ғиддат (үш етеккір мерзімі) мерзімінің аяқталғанын күткенше күйеуінің үйінде бөлек бөлмеде тұра беруіне рұқсат етілген. Ал күйеуі әйелінің ғиддат мерзімі біткенге дейін оның ас-суын қамтамасыз етуге міндеттелген.

Ислам құқығы бойынша талақ Алла тарапынан күйеуге ғана берілген құқық болып табылады. Бұл туралы Құранда «Егер сендер жақындаспай тұрып, оларға (мәһір) белгілеп, оларды талақ еткен болсаңдар, белгілегендеріңнің жартысын (беріңдер). Бірақ ол әйелдер (жартысын да алмаймыз деп) немесе неке жібін қолында ұстаған (еркек толық беремін деп) кеңшілік етсе, ол басқа...» (Бақара сүресі 237-аят) деп берілген. Бұл аяттағы «талақ еткен болсаңдар», «қолында неке жібін ұстаған» деген сөздер ер адамға қаратыла айтылған. Яғни, талақты ер адам ғана береді.

Талақтың құқығы неге әйел кісіге берілмеді? Мұның себебін (хикметін) ғұламалар әйел баласының психологиялық ерекшелігімен байланыстырады. Әйел баласы (жалпы алғанда) ер адамға қарағанда сыртқы оқиғалардан әсерленгіш, соның салдарынан тез ашуланғыш келеді. Табиғатынан осындай ерекшелікке ие болған әйел кісіге талақ құқығы берілсе, яғни оны маңызды себепсіз қолдана беру қаупі бар. Ал, исламда ажырасу – ең соңғы шара. Ерлі-зайыптылар мен қазыға жүктелген міндет – мүмкіндігінше мұны болдырмауға тырысу.

Отбасылық өмір ерге де, әйелге де белгілі бір жауапкершіліктерді жүктейді. Ер адам – отбасының асыраушысы, ол әйелі мен балаларын материалдық және рухани тұрғыдан қамтамасыз етуге міндетті болса, әйелдің міндеті – күйеуіне бағыну, өзін күнәлі істерден сақтау, ерінің тапқанына иелік ету.

Ислам діні әйелдің күйеуіне бағынышты болуын талап етеді. Өйткені, әйелді асырау мен қаржыландыру күйеуінің мойнына жүктеледі. Күнделікті тіршілікке қажетті қаржы табу, отбасын асырау толығымен ерге міндеттелген. Ал, әйелге күйеуінің ризашылығын көздеу, ерінің дүние-мүлкіне ұқыппен қарау, өзінің ар-абыройын сақтау, бала тауып, оның тәрбиесімен айналысуды міндеттейді.

Әйелінің материалдық және рухани қажеттіліктеріне күйеуі шарифаттың шеңберінде сай көңіл бөлуі керек. Ислам діні әйелге Алланың аманаты ретінде қарауға шақырған. Бұған Құранның Ниса сүресіндегі мына аят дәлел бола алады: «Олармен (әйелдеріңмен) жақсы қатынаста болыңдар». Сондай-ақ, Мұхаммед пайғамбар бір хадисінде «Сендердің ең ізгілерің – әйелдеріңмен жақсы мәміледе болғандарың» десе, тағы бір хадисінде

«Күйеуі өзінен разы болған күйде жан тапсырған әйелдің барар жері – жұмақ» деу арқылы ер мен әйелдің міндеттерін нақтылап көрсетіп, олардың бір-бірін толықтырып тұратын жандар екеніне назар аударады.

Әйелдің де күйеуі алдындағы міндеттеріне қатысты мынадай хадисті келтіруге болады:

«Егер әйел кісі күнделікті парыз етілген бес уақыт намазын қаза қылмаса, Рамазан айында ораза тұтса, өзін бөтен еркектерден сақтай білсе, күйеуіне адал болса, онда оған: «Жәннаттың қай есігінен кіруді қаласаң, сол есігінен кір деп айтылады». (Анастан Дилми риуаят еткен).

«Әйелдеріңнің ең жақсысы – салиқалы, күйеуіне адал болғандары». (Анастан Дилми риуаят еткен).

«Аяғы ауыр әйелдер, дүниеге бала әкеліп әрі балаларға қамқор, күйеуіне адал, айтқанын екі етпейтін болса, намазын өз уақытында оқыса, барар жері Жәннат болады». (Абу Амамадан Ахмад, Ибн Мажа және Байхақи риуаят еткен).

Отбасылық өмірдегі міндеттерімен қатар ислам діні әйелге мәхір сыйлығын иемдену, мұрагерліктен өз үлесін алу, ғылым-біліммен айналысу, табыс көзімен, сауда-саттықпен айналысу, меншік иесі болу, қоғамдық істерге араласу, сөз сөйлеу құқықтарын алып берді.

Әйел баласы тек өзіне ғана тиесілі болатын мәһірді өзінің болашақ күйеуінен талап етуге құқылы. Мәһір (қалыңдық сыйы) әйелдің келісіміне қарай, ақшалай немесе заттай болуы да мүмкін. Мәһірдің маңызы туралы Құранда Ниса сүресінің 24 аятында баяндалады. Онда былай делінген: «Некелі әйелдермен үйленулерің арам қылынды. Бірақ қолдарыңдағы күндер (соғыс тұтқындары) басқа. Сендерге Алланың жазуы осы. Бұлардан басқаларды абыройлы болу, бой суытушы болмау шартымен малдарыңды беріп қалауларың (мәһір беріп алуларың) халал қылынды. Сонда олардан осы шартпен пайдалансаңдар, бекітілген мәһірін беріңдер. Мәһір тоқтатылғанан кейін ризалассаңдар, (еркек артық беріп, әйелдің аз алуы немесе тіпті алмауында) сендерге оқасы жоқ. Расында Алла толық білуші, хикмет иесі».

Мәһір – қоғамдағы әйелдің беделін білдіретін және ақысы саналатын сыйақы. Исламнан бұрынғы дәуірде Арабтарда "Нихлә" деп аталатын қыздың құны берілетін болған. Оны тек қыздың өкілдері алатын болған. Ал исламда әйел адам мәһірдің құнын да өзі белгілеп, жұмсауы да өз еркінде болды. Мәһір үшін белгілі шек қойылмаған. Құран "Олардың біріне (әйелдерге) жүк-жүк мәһір берсеңдер де одан бірде-бір нәрсені кері алмаңдар" (Ниса, 20) деп үндейді.

Оны күйеуі толығымен асырайды, оның жұмыс істеуі міндетті емес. Ол некеге тұрғаннан кейін өзінің бұрынғы меншігін толығымен сақтай алады және оған ешкім тиісе алмайды. Ол жұмыс істеп, отбасының табысына үлес қоса алады, бірақ оның ары мен абыройы толығымен қорғалуы керек.

Ислам діні адамзат тегін жалғастыруды қамтамасыз етуші ретінде әйелге мұрагерліктегі өз үлесін берді. Исламға дейін оның мұндай болуы былай тұрсын, оның өзі біреудің меншігі саналып келген. Исламға дейінгі араб

қоғамындағы тұрпайы әдеттердің бірі, тайпалық дәстүр бойынша шеше, әйел, қыз, сәбилер мирас ала алмайтын. Тек соғысуға жарайтын ер адам ғана мирас алатын. Осыдан араб қоғамында дүние-мүліктің ұрпақтан ұрпаққа қалдырылуы үнемі келіспеушіліктерді, ренішті тудыратын. Ал, мұсылман құқығы бойынша отбасының барлық мүшелері, яғни, ұл-қызы болсын белгілі мөлшерде мұрадан пай ала алды. Бұл туралы Құранның Ниса сүресінің 5-6 аттарында баяндалады.

Исламда әйелдің бағаланбайтындығы, әйел мен еркек теңдігінің жоқ екендігі туралы айтылғанда бұған дәлел ретінде әйелдің мұрагерліктегі алатын үлесі мен оның куәлігі мәселелері келтіріледі. Негізінде әйелге бір, еркекке екі үлестің берілуі еркекті әйелден жоғары санаумен ешқандай қатысы жоқ. Керісінше, ислам діні надандық дәуірінде өздеріне зұлымдық жасалып, құқықтары тапталған кішкентай қыздар мен әйелдердің құқықтарын оларға мұрагерліктен үлес беру арқылы қорғауға алған. Бұл мәселе бойынша Құранда былай бұйырылған: «Әке-шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен еркектерге де үлес бар. Әке- шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен әйелдерге де үлес бар. Аз немесе көп болса да, одан өлшеулі несібе бар» (Ниса, 7).

Надандық дәуірінде араб қоғамында әйелдер мұрадан үлес алған жоқ. Тек қару ұстай алатын, елді қорғай алатын еркектер ғана мұрагер болатын. Сонымен қатар, Мәдинада тек балиғатқа жасы жеткен ер балалар ғана әкелерінің мұрагері болып, кішкентай қарындастары мен бауырлары, тіпті аналары да мұрадан үлес алмайтын. Сол себептен де «Алла сендерге, балаларың жайында; бір еркекке екі әйелдің мирасындай үлес бұйырады» (Ниса, 11) деген аят түскен кезде бұл үкім мүшріктерге ұнамай, былай деген: «Әйелге төрттен бір немесе сегізден бір, қыз балаға жарты және кішкентай балаға да мұрадан үлес беріледі. Алайда, олар атқа да міне алмайды, дұшпанмен соғыса да алмайды. Кішкентай балаға да мұра беріледі, бірақ бала ешқандай іске жарамайды». Бұл жерден ол кездің адамдарының бағасы шаруашылық өмірге қосатын үлесімен өлшенетіндігі байқалады.

Бұл аяттың түсу себебі надандық дәуіріндегі әйелдер мен қыз балалардың осындай жағдайын айқын көрсетеді. Ухуд соғысында шәйіт болған Сад бин Рабидің әйелі екі қызымен бірге Мұхаммед пайғамбарға барып,: «Иа, расулуллах! Мыналар Садтың қыздары. Әкелері Ухуд соғысында шәйіт болды. Енді көкелері мал-мүліктерін алып, бұларға ештеңе қалдырған жоқ. Тіпті, бұл қыздар енді тұрмыс та құра алмайды» дейді. Пайғамбар әйелдің шағымын тыңдағаннан кейін «Алла бұл мәселе туралы үкімін білдіреді» дейді. Сонда мұрагерлік туралы аят түседі.

Қыз бен ер баланың бірге мұрагер болуында қызға бір, ер балаға екі үлес берілуінің себептерін былай көрсетуге болады:

Құран бойынша әйелдің тек ер бауырымен бірге мұрагер болған кезде жарты үлес алуы сырттай қарағанда теңсіздік болып көрінгенмен бұл нағыз әділдік болып табылады. Өйткені:

1. Исламда мұрагерлік тұлғалардың қажеттілігі мен жауапкершілігіне қарай бөлінеді. Ана, әйел, қыз баланың күн көру шығыны өздеріне тән емес, олар баласының, күйеуінің, әкесінің немесе бауырының жауапкершілігінде болады. Әйел көбінесе өзінен басқалардың күн көріс шығынын өтеуге жауапты емес. Ал, еркек болса барлық жағдайда әйелін, қызын, анасын немесе қыз бауырын асырауға жауапты. Еркек отбасының ресми қамқоры. Сондықтан да еркекке мұндай жауапкершілігі жоқ әйелдің үлесінен екі есе артық үлес беріледі.

2. Әйел өзінің дүние-мүлкін қалағанынша қолданып, үнемдеуге құқылы. Әйел бай болса да отбасының шығынына қатысуға мәжбүр емес. Осы тұрғыдан әйел мен еркекке тең үлес берілетін болса үлестері бірдей бола тұра еркек отбасын асырап, әйелдің мұндай жауапкершілігі болмағандықтан бұл теңдік еркектің зиянына қарай бұзылар еді де әділетсіздікке жол берілер еді.

3. Егер әйел тұрмыс құрмаған болса, ол тек өзін асырауға жауапты. Ал, тұрмыс құрғаннан кейін оны және балаларын асырауға күйеуі жауапты болады. Оған қосымша әйел күйеуінен мәһір алады және салт бойынша әр түрлі сыйлықтар алады. Әйел өзінің иелігіндегі заттарды жұмсамауға құқылы. Қаласа оны іске асырып, арттыра алады. Ал, ер бауыры болса әкеден алған мұрасын үйлену шығындарына, мәһірге және отбасын асырауға жұмсайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда еркекке бір, әйелге жарты үлес беру әділдік болып саналады.

Мұны мысал түрінде былай көрсетуге болады:

Мұра: 3 үй

Ер баланың үлесі - 2 үй

Қыз баланың үлесі - 1 үй

ер бала қалыңдық 2 үй	күйеу жігіт 2 үй	қыз бала 1 үй	күйеу жігіт 2 үй
ер бала үйленгенде: $2+1=3$ үй		қыз тұрмыс құрғанда: $1+2=3$ үй	
мәһір беру, отбасын асырау (-)		мәһір алу, отбасын асырауға міндетті емес (+)	

Құрандағы үкімдер қарастырылғанда негізгі назар аударатын нәрсе бұл үкімдердегі адамның физиологиялық және психологиялық жаратылысының назарға алынуы болып табылады. Куәгерлік мәселесінен де осыны аңғаруға болады. Куәгерлікке қатысты аяттың мағынасы мынадай:

«Еркектеріңнен екі айғақ қойындар. Егер еркек болмаса онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады. Егер екеуінің бірі жаңылса, екіншісі оның есіне салады» (Бақара, 282).

Куәгерлік мәселесіндегі ер мен әйелдің айырмашылығын былай көрсетуге болады:

Біріншіден, ислам бір ер адамның куәгерлігін әрдайым екі әйелдің куәгерлігіне теңестіре бермейді. Еркектердің куәлігі қабылданбай, тек әйел адамның куәгерлігі есепке алынатын жағдайлар да болады. Еркектер

білмейтін, тек әйелдерге қатысты мәселелерде (босану кезіндегі ана мен балаға қатысты жағдайлар, бала емізу, т.б.) әйелдің куәгерлігі жеткілікті болады. Яғни, бұл жерде куәгердің ер немесе әйел болуы емес, олардың тәжірибесі мен біліктілігі негізге алынады деген сөз.

Екіншіден, әйелге тән физиологиялық ерекшеліктер, яғни оның жаратылысы мәселесі. Әйелдің жаратылысы сезімтал және тез әсерленгіш. Мәселелерге көбінесе жаратылысындағы мейірімділік сезімімен қарайды. Әйел екі тараптың бірінің ықпалына түсуі немесе екі жақтың біріне аяушылықпен қарауы мүмкін. Ал, бұл жағдай оның куәгерлік міндетіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себептен мұндай жағдайда ислам куәлікті екі әйелдің беруін талап етеді. Бірі ұмытса не қателесе, екіншісі есіне салып, қателікке жол берілмейді.

Ислам діні куәгерлік мәселесінде әйелге ер адамның жауапкершілігіндей міндет жүктемей, екі әйелдің куәгерлігін бір еркекке тең ету арқылы оның құқығын шектемейді, керісінше оны қорғайды, бір күнә іске баруының алдын алған. Өйткені, куәгерлік – үлкен жауапкершілікті керек ететін іс.

Бұл мәселе бойынша аятта былай бұйырылады:

«Куәлер шақырылған сәтте бас тартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге дейін жазудан ерінбеңдер. Осыларың Алланың қасында туралық; куәлік үшін мықтырақ және күдіктенбеуге де жақынырақ» (Бақара, 282).

Ислам әйелді күнә іске кіруден қорғап, оның кейбір сезім мен толқуға беріліп, жалған куәгерлік секілді күнә іс жасауына тосқауыл болған. Жанына бір көмекші әйел қосу арқылы оған көмектескен.

Ер адамдар секілді әйелдердің де сөз бостандығына құқығы бар. Ол әйел болғандықтан ғана оның салауатты пікірлерін теріске шығаруға болмайды. Құранда әйелдердің тек өз пікірін еркін айтып қана қоймай, пайғамбардың өзімен де, мұсылмандардың өзге жетекшілерімен де күрделі мәселелерді талқылауға қатысып, пікірталасқа түскен мысалдары кездеседі. Мысалы, Мужәдалә сүресінде «(Мұхаммед Ғ.С.) Расында Алла, ері жайында Аллаға шағып, сенімен тартысқан әйелдің сөзін естіді. Алла екеуінің сөйлескендерін де естиді. Шүбәсіз Алла, толық естуші, тым қырағы. Сондай сендерден жұбайларын зиһар еткендердің әйелдері аналары емес. Олардың аналары өздерін тапқандар ғана. Сөзсіз олар теріс әрі өтірік сөз сөйлейді. Шынында Алла тым кешірімді, ерекше жарылқаушы. Сондай жұбайларын зиһар еткендер, сосын айтқан сөздерінен қайтса, сонда екеуі қосылудан бұрын бір құл азат етуге тиіс. Міне сендерге осы нұсқау беріледі. Алла не істегендеріңді толық біледі. Сонда біреу құл таба алмаса, екеуі қосылудан бұрын тұтас екі ай ораза ұстасын. Біреудің оған да шамасы келмесе, алпыс аш кісіні тамақтандырсын. Бұл Аллаға, Елшісіне иман келтірулерің үшін. Сондай-ақ осы Алланың шектері, қарсы болушыларға жан түршігерлік азап бар» (Мужәдалә, 1-4)» делінеді.

Бұл сүре мұсылман әйелдің өз құқығына қол жеткізу үшін жұмсаған күш-жігерін көрсетеді. Яғни Хаула бинт Саләба пайғамбарға барып «Ей Алланың елшісі! Күйеуім менімен үйленген кезінде мен жас едім. Ол кезде

мені қалайтын. Дүниеге бірнеше бала әкелдім. Енді жасым ұлғайғанда ол мені анасына ұқсатып жалғыз қалдырды» деп күйеуінің үстінен шағым айтады. Осыған байланысты ол жерден кетпей тұрғанда сүренің осы аяттары түскен.

Осындай мысал Құранның «Тахрим» сүресінде кездеседі: «Алла (Т.) кәпірлерге Нұхтың әйелі мен Лұттың әйелін мысал көрсетті. Олар жақсы құлдарымыздан екі құлдың некесінде еді. Сонда екеуі де оларға опасыздық қылды. Сондықтан екі пайғамбар да ол екеуін Алладан еш қорғай алмады. «Екеуің тозаққа кірушілермен бірге кіріндер» делінді. Алла (Т.) иман келтіргендерге Перғауынның әйелін мысал көрсетті. Сол уақытта ол: «Раббым! Өз жаныңнан маған пейіште бір үй жаса әрі мені Перғауыннан және оның істегендерінен құтқар. Сондай-ақ залым елден де құтқар» деген еді. Имран қызы Мәриямді мысал көрсетті. Ол ұятты жерін қорғаған. Сондықтан рухымыздан үрлеген едік. Ол, Раббының сөздерін және кітаптарын растаған еді. Сондай-ақ бой ұсынушылардан еді» (Тахрим, 10-12).

Сондай-ақ Айша анаға нақақтан зинақор жаласы жабылғанда ол туралы аят түсіп, Айша ананың пәк әрі таза екендігін дәлелдеуі – олардың тек адамдар арасында ғана емес, Алланың алдында да қаншалықты абыройлы екендігінің бір көрінісі.

Исламда әйелдердің білім алу құқығы ерлермен бірдей. Ислам діні мұсылмандарды білім алуға ұмтылуға міндеттегенде оларды ер мен әйел деп бөлмеді. Мұхаммед пайғамбар білім іздеу еркек болсын, әйел болсын, әрбір мұсылманның міндеті деп жариялады.

Ислам тарихында дін негіздерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде мұсылман ғалымдарының ішінде әйел адамдардың да қосқан үлесі зор. Білім саласында аты шыққан дарынды әйелдердің басында Мұхаммед пайғамбардың жұбайлары ерекше аталады. Солардың ішінде айрықша қабілетімен ерекшеленген Айша ананың шоқтығы биік екені белгілі. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін ілім сұраған көпшілік соған келіп жүгінетін болған. Ол фикһ, хадис, тәпсір, әдебиет, ақындық, медицина, шежіре, тарих сынды салаларда білім берумен қатар, аталмыш мәселелерде өзіне жеткен қате деректерді түзеп, кемшілігі барларын толықтыратын. Сол үшін Хаким сияқты үлкен ғалымдар дін ілімінің төрттен бірі Айша ана арқылы жеткенін айтқан.

Ол Құран түсіндірмелерін пайғамбарымыздың қасында жүріп үйренген, түсіне алмаған тұстарын тіке өзінен сұрап, Құрандағы жайттардың іс жүзіндегі көрінісіне қырағылық танытқан. Ілімдегі тереңдігі жағынан басқалардан, өзге ғалым сахабалардан оқ бойы озық тұрды. Аяттардың түсу себебін біліп қана қоймай, дінді тиісінше түсіне білді. Көріп-білгендерін шебер тілмен түсіндіре де білді.

Сонымен қатар ол хадис ғылымының алғашқы мектебі, мұсылманның сенім негіздерін белгілейтін өлшем Құран мен сүннетті ең жақсы білетін жан ретінде танылды. Бірқатар хадистерді естіген кезде ол пайғамбардың жанында жалғыз болған. Сондықтан хадис тізбегі бір ғана кісіден тұрған. Бұл

басқалардың пайғамбардың кей сәттерін білуге мүмкіндік таппаған жерлерде қасында үнемі Айша ананың болғанын көрсетеді. Сондықтан да оның жеткізген хадистері «фәрд» немесе «мүнфарид» деп аталады. Әсіресе, пайғамбардың отбасылық өмірі, жеке жағдайы, түнгі құлшылығы мен жалғыз қалған сәттеріне куә болып, басқаларға баяндауда Айша ананың орны ерекше. Айша ананың жеткізген хадис саны екі мыңнан асады. Ол арабтар әмәмун нас деп атайтын өткен күндерге қатысты ғылымға да жүйрік болған.

Білімділігімен қоса сол білімін өзгелерге жеткізуде үлкен қажыр-қайрат танытқан. Оның білім мектебі хазірет Омар және баласы Абдуллах ибн Омар, Әбу Хурайра, Әбу Мұса әл-Әшғари, Абдуллах ибн Аббас және Абдуллах ибн Зүбайрден бастап Амр ибн Ас, Зәйд ибн Халид әл-Жухани сияқты маңызды сахабалардың жиналатын орны болған.

Сонымен қатар ұстаздық жасап, ислам дінінің кеңірек таралуына үлес қосқан әйел кісілердің қатарына Хайра бинт Әби Хадра Әл-Әсләми, Умәйма бинт Абд ибн Бижад, Рукайка бинт Хуәйлид және Зейнеп бинт Қайсты жатқызуға болады.

ә) Ислам қоғамындағы әйел мәртебесі

Мұхаммед пайғамбардың жанында болып, сөзімен де, іс-әрекеттерімен де өнеге болған тұлғалардың қатарына әйел сахабалар да кіреді. Олардың арасында иман жолындағы күрестері, отбасы ішіндегі қарым-қатынастары, ержүректіктері арқылы келер ұрпаққа үлгі боларлық әйелдер көп болды.

Мұхаммед пайғамбар дінді насихаттауды бастаған кезде әйелдер қауымы да оған өте көп қолдау көрсеткен. Мысалы, Мұхаммед пайғамбардың әйелі Хадишаның исламды алғаш болып қабылдап, бүкіл байлығын дін жолында сарп еткені белгілі. Хадиша оның ең жақын сырласы, қолдаушысы болып, Алла елшісіне шәк келтірместен иман келтірді. Сол себептен де Мұхаммед пайғамбар: «Ел менен теріс айналған кезде Хадиша маған сенді. Айтқандарымды ешкім қабылдамағанда мені алғашқы болып растаған сол еді», – деп, оны өмір бойы ұмытпай, жақсылықтарын әрдайым еске алып отырған.

Хадишадан кейін қыздары Рукия, Зейнеп, Үммү Күлсім және Фатима да ислам дінін қабылдаған. Олар әкелерін қорғау үшін өжет мінезге де барған. Бір күні Мұхаммед пайғамбар намаз оқып тұрған кезде мүшріктердің бірі оның басына түйенің ішек-қарнын төгеді. Олардың мазактаған дөрекі дауыстарын естіген Фатима жүгіріп келіп, әкесінің үстін тазалайды. Мүшріктер күлкілерін тыйып, бұл әрекетке қарап үнсіз қалады.

Мұхаммед пайғамбар әйелдердің дін жолындағы табанды еңбектерін бағалап: «Осы дүниеде де, ақыретте де құрметке ие болатын төрт әйел бар: Имранның қызы – Мәриям, перғауынның жары – Әсия, Хуайлидтің қызы – Хадиша, Мұхаммедтің қызы – Фатима» деген (Ибн Исхақ, ас-Сира, 228).

Бұл әйелдердің жұмақтықтар арасындағы ең ізгі әйелдер екендігін айтып, басқа әйелдердің барлығының ізгілігі осы төрт әйелдің дәрежесіне

жетпейтінін баяндаған. Айша ананың «Қайсысы ең үстемі» деген сұрағына «Әрқайсысы өз дәуірінің үстемі» деп жауап берген.

Ислам тарихында алғашқы шәйіт Сумайя Бинт Хаяттың Алла жолындағы күресі мен ынта-ықыласы адамзат ұрпағына өшпес үлгі болып саналады. Исламды жарыса қабылдағандардың да біразы әйелдер болған. Әбу Бәкірдің үйінің қасына келіп, іштен дауыстап оқылған Құранға құлақ түретіндердің де біразы әйелдер болған. Мүшріктер «Әбу Бәкір әйел, балашағамызды жолдан тайдыратын болды» деп уайымдаған.

Айша ана да ислам дініне еңбегі сіңген тұлғалардың бірі. Ол барша әйелдердің өкілі болып, өзіне жеткізілген әрбір мәселені шешуде Мұхаммед пайғамбар мен әйелдердің арасында алтын көпір секілді қызмет атқарды. Ол әлсіздердің панасы, жетімдердің қамқоршысы болып, мәселені міндетті түрде шешуге тырысатын. Пайғамбардың айбынынан қаймыққандар Айша анаға келіп, мазалап жүрген сауалдарын пайғамбарымызға жеткізуге тырысатын. Осы жағынан алып қараған кезде Айша ана Мұхаммед пайғамбардың уәзірі сияқты болған. Материалдық, рухани кез-келген бір мәселемен келген барша әйелдердің міндетті түрде мәселелерін шешуге тырысатын.

Алғашқы мұсылмандармен қатар әйелдердің қоғамдық өмірге, әсіресе төтенше жағдайларға да қатысқанын тарихи деректерден білуге болады. Әйелдер әдетте жаралыларды таңу үшін, тамақ дайындап, әскерлерге көмектесу үшін шайқастарға қатысып, мұсылман әскерінің жанында жүрген.

Ер кісілермен қатар әйелдер де Мұхаммед пайғамбарға барып серт беретін.

«...Мұндай серттерін білдіру үшін кейде топ-тобымен келіп жатса, кейде 2-3 әйел бірге келетін еді. Олар серт беруге келгендерін айтқанда, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) берген серттерін қабылдап, оларға керекті үгіт-насихат айтатын. Осындай серт беру оқиғасын Сәлма бинт Қайс былай баяндайды: «Ансарлық әйелдермен бірге топ болып келіп, пайғамбарымызға серт бердік. Расулулла (с.ғ.с.) бізге Аллаға серік қоспауды, ұрлық жасамауды, зинаға жанаспауды, балаларымызды өлтірмеуді, біреуге жала жаппауды, өзіне қарсы келмеуді насихат етті және «Күйеулеріңді алдамандар» деді. Біз осы айтылғандарды орындауға уәде бердік. Үйге қайтып бара жатқанда, бір әйелге пайғамбарымызға қайта барып әлгі «Күйеулеріңді алдамандар» дегенінің мәнісі не екенін сұрауын өтіндім. Алла елшісі (с.ғ.с.) мұның «Күйеуінің рұқсатынсыз оның дүние-мүлкінен ешкімге ештеңе бермеу» екендігін түсіндіріпті».

Мәдина кезеңінің алғашқы жылдарында мұсылмандар қатты қиналғанда, әйелдер алтын, күмістен жасалған жүзік, сырғаларын, алқаларын Мұхаммед пайғамбарға әкеп табыстап, мұсылмандарға көп көмек көрсеткен. Бұл да әйелдердің дін үшін барлық жанқиярлыққа бара білген ықыластарын дәлелдейді.

Исламның алғашқы кезеңінде мұсылман болған әйелдердің кейбіреулері жасырын тыңшылық қызмет те жасады. Олар мұсылмандарға мүшріктердің қитұрқы жоспарларын астыртын жеткізіп тұрды. Мұхаммед пайғамбар

Мәдинаға қоныс аудармақ болғанда, оған таң алагеуімде қастандық жасамақ болған мүшріктердің арам пиғылын мұсылмандарға алдын-ала хабарлаған Рукәйка бинт Әбу Сайфи еді. Сол түні үй торыған дұшпандар пайғамбардың қай уақытта үйден шығып кеткенін сезбей, айлалары іске аспай қалады.

Сол жолы Мәдинаға һижрет етіп бара жатып мүшріктерден жасырынып, үңгірді паналаған кездерінде Мұхаммед пайғамбар мен қасындағы Әбу Бәкірге оның қызы Әсманың тамақ тасып, басқа да керек-жарақтарын жеткізіп тұрғаны тарихтан белгілі.

Осындай белсенділігімен танылған әйел сахабалардың қатарына алғаш соғысқа қатысқан Сафия, Нәсиба, алғашқы теңіз жорығына қатысқан, «Хала сұлтан» атымен танылған, ержүрек, батыл әйел Үммү Харам бинти Милхан, жігерлі, батыл, салмақты және иманынан таймаған мықты сахаба әйел Үммү Фадлдарды да жатқызуға болады.

Сафия бинт Абдулмутталиб – қолына қылыш алып соғысқа қатысқан алғашқы мұсылман әйел. Ұхуд соғысы кезінде мұсылман әйелдер отырған үйге жақындап келіп қорғансыз адамдарды өлтірмек болған яхудиді таяқпен басынан ұрған. Яхуди жеген соққысынан қайта тұра алмай, сол жерде жан тапсырады.

Сонымен қатар ол баласының тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Ол баласы Зүбайрдің жақсы мінезді болып өсуі үшін салған күш-қайратының жемісін баласын жұмақпен сүйіншіленген жандардың қатарынан көрумен татады. Ол тірі кезінде жұмақпен сүйіншіленген он сахабаның бірінің анасы болған еді.

Ислам тарихындағы тапқырлығымен, пысықтығымен, берік имандылығымен және әдептілігімен танылған әйелдердің бірі – Әсма бинт Әбу Бәкір. Ол тірі кезінде жәннаттың белбеуін тағады деген сүйінші хабарды алған, «Затун-нытақайн» деген лақаппен танылған әйел. Әкесі Әбу Бәкір Мәдинаға жолға дайындалып жатқанда азық дорбасы мен су ыдысының аузын байлайтын жіп іздеп таба алмайды. Сонда Әсма беліндегі белбеуді алып екіге бөліп, бірімен дорбаның аузын, екіншісімен торсықтың аузын байлайды. Мұхаммед пайғамбар оның бұл ісіне қуанып: «Әсма, Алла саған осы белбеуіңнің орнына жұмақта екі белбеу берсін» деп дұға етеді. Пайғамбардың осы дұғасынан кейін ол осы лақапқа ие болған.

Кемел мінезді, қайсар, жігерлі, сабырлы, азапты өмір сүргеніне қарамастан иманынан таймаған әйелдердің бірі – Әсма бинти Умәйс. Алла расулы оған «екі хижрет иесі» деген ат берген. Ол бос уақытында тері илеумен айналысып, балаларының күн көрісін өз еңбегімен қамтамасыз етуге тырысып, ешкімнен ешнәрсе сұрамауға күш салған әйел ретінде танылған.

Сахаба әйелдердің бірі Үммү Фадл – исламды алғаш қабылдаған батыл сахаба әйел. Ол исламға деген қызметімен, имандылығымен, батырлығымен танылған. Оның мұсылман бауырын мүшріктердің қолына жалғыз қалдырмай, жанқиярлықпен қолына таяқ алып мүшрікке қарай жүгіргені есте қаларлық оқиға ретінде ислам тарихының беттерінен орын алған.

Күйеуінің мүшрік екеніне қарамастан исламды қабылдаған әйелдердің бірі – Үммү Суләйма. Ол Алла жолында түрлі кедергілер мен қиыншылықтарға төзе білген, баласын мұсылман етіп тәрбиелеп, жетілдіруді көздеген сабырлы әйел ретінде танылды. Бұл әйел өзімен некелесуді қалаған адамға исламды қабылдауды шарт етіп, бұл мақсатына қол жеткізе білген. Яғни, Ухуд соғысында пайғамбарды қорғау үшін денесін оққа қалқан еткен Әбу Талханың исламды қабылдауына себепші болған. Сонымен қатар ол әйелге қатысты мәселелерді Мұхаммед пайғамбардан сұраудан тартынбаған. Сахабалар одан кейбір мәселелерді сұрап отыратын болған. Ол туралы пайғамбар «Түсімде жәннәтқа кіріппін. Алдымнан сыбдырлаған дыбыс естідім. Қарасам Милхан қызы Румейса екен» деп, оның мәртебе-дәрежесін көрсеткен.

Соғыс майдандарында көрсеткен қаһармандықтарымен танылған әйелдердің бірі – Үммү Умара. Ол – пайғамбарға Ақабада серт берген мәдиналық екі сахаба әйелдің бірі. Ислам тарихында Ұхуд соғысында екі ұлымен, күйеуімен бірге мүшріктерден пайғамбарды қорғау үшін жанын сала шайқасқан әйел ретінде танымал. Бұл соғыста ол он екі-он үш жерінен жараланған. Ауырған және жарақаттанған күндерінің өзінде де нәпіл құлшылықтарын орындаған тақуа әйел болған. Өзімен қоса балаларын да ержүректікке тәрбиелеп, ислам дінін қорғап, тарату жолында қызмет етуге тәрбиелеген.

Пайғамбардың алдына барып мәселелерін тиянақты жеткізе алатын, сөзі анық әйелдің бірі Әсма бинт Язид болған. «Хатибатун-ниса» (әйелдердің сұхбатшысы) деген лақаппен танылған батыл, жігерлі, білімді жан болған. Әйелдерге қатысты мәселелерді пайғамбардан батыл сұрай алатын мінезіне қарап, Айша ана ұялудың ансар әйелдерінің дінді үйренулеріне кедергі болмағанын айтқан. Сонымен қатар оның Хайбар соғысы мен Меккенің бағындырылуына қатысып, ерліктер көрсеткендігі туралы кейбір деректерде айтылған.

Ұхуд соғысында басқа әйелдермен бірге жаралыларды емдеумен айналысқан, соғыс күні пайғамбардың қасынан кетіп қалғандарға ренжіп «Ұршықты алып, жіп иіріндер. Қылышыңды маған бер, мен соғысайын» деп айыптаған әйел Үммү Әйман (Бәрәка бинт Сәлаба) болып табылады. Оны Мұхаммед пайғамбар «Анамнан кейінгі анам» деп жақсы көріп, құрметтеген.

Қорыта айтқанда, ислам діні әйелдің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Әйелге Алланың аманаты ретінде қарауға шақырып, оның ешқандай құқын шектемеді. Қайта өз жаратылысына сай сүйікті жар, аяулы ана ретінде қашан да оның орнын жоғары бағалаған. Қоғамның тәрбиесін қыз баланың тәрбиесімен ұштастыра қарастырған. Әйел затының қоғамның барлық саласындағы орнын айқындап, жат пиғылдылардың бұзық әрекеттерінен қорғауға тырысқан. Осындай құрметке лайық бола білу үшін әйелден де белгілі бір міндеттерді талап еткен.

3. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ

а) Байырғы қазақ қоғамындағы әйел мәртебесі

Көне түркілерде патриархалды басқару жүйесі бекігенімен, олардың дүниетанымында әйел затына деген құрмет ерекше болатын. Түркілер әйелді күнделікті тұрмыспен байланыстырып қана қоймай, «Ұмай анамен» ұштастыра қарады.

«Ұмай ана» түсінігі қазіргі кездегі көптеген түркі халықтарының этнографиясында кездеседі. Әр түрлі еңбектерде «Ұмай» сөзі – ана құрсағы, баланың жолдасы (послед), жер-ана, тұқым өндіруші және баланың дүниеге келуіне көмектесетін пір ана деген мағыналарды білдіретіндігі келтірілген. Жалпы алғанда «Ұмай» бейнесі әйелдер мен балаларды өз қорғауына алып, қауіп-қатерден сақтаушы және түркі әскерлеріне жеңіс әкелуші ретінде сипатталады.

Ұмай ананы бейнелеген балбал тас мүсіндер бүгінгі күнге дейін жеткен. Ұмай анаға тән атрибутқа ай, садақ және доға тәрізді бейнелер жатқызылған.

Түркі халқы нәресте дүниеге келген соң, Ұмай анаға құрмет белгісі ретінде ұл балаға арнап кішкене садақ пен жебелерді, ал қыз балаға ұршық дайындап, тіл көзден сақтау мақсатында оларды бесіктің басына іліп қойған.

Зерттеушілердің келесі тобы «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште болған деп түсінеді. Бізге жеткен кейбір аңыздарда ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұрты қыс мезгілінде құрық бойы жауған қардан қырылып қалған делінеді. Осы қақаған аязда жылы көрпеге оранған Айсұлу есімді қыз тірі қалады. Өлім аузында жатқан Айсұлуды тау үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Ұмай ананың көмегімен аман алып қалады. Көп ұзамай Аю батыр мен Айсұлу отбасын құрады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлу Ұмай ананың жебеуімен бір ұл, бір қызды дүниеге әкеледі. Содан олар рулы елге, түркі қауымына айналып, бүгінге күнге жеткен-мыс.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан Ұмай анаға қатысты бірнеше көзқарастың бар екендігін байқаймыз. Зерттеуші Д.Қыдырәлі: «Ориенталист ғалымдар «Ұмай» сөзін «тәңір ана» деп қате аударып жүр. Біздің ойымызша, Ұмай – аналарды қолдайтын періштенің аты. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан», - деп, «Ұмай ана» түсінігі туралы өз пікірін алға тартады. Сонымен қатар, Орхон-Енисей, яғни руника жазуларының танымал зерттеушісі Қ.Сартқожаұлы: «Түркілер «Ұмай ана» деп Адам атаның қосағы Хауа ананы атауы бек мүмкін», - дейді.

Қалай болғанда да ежелгі түркі халқының әйелдік бастаманы құрметтеуі «Ұмай ананы» пір тұту көрінісінде бейнеленген. Табиғатына ұрпақ жалғастыру міндеті жүктелген әйел адам мәртебе мен құрметке ие болған. Көне түркі әлемінде әйел адамдардың кемел образдарын сомдаған әдеби жәдігерлер жиі кездеседі. Сондай тарихи-мәдени мәнге ие жәдігерлердің бірі «Оғызнама» эпостық дастаны. Дастанда ежелгі түркі халықтарының

генеалогиялық шежіресі мифтік тұрғыда баяндалып, Оғыздың анасы Ай-қағанның бейнесі берілген. Ертедегі космогониялық сипаттағы аңыздар бойынша ел басқарушы қаған өзінің өмірлік бастауын күннен алған десе, оның жұбайы өмір негізін айдан алған делінеді. Сол себепті де ол Ай-қаған аталыпты.

Тарихи деректерде ежелгі түркі әйелдерінің үй шаруасы, бала тәрбиесімен шектеліп қана қоймай, қажет кезде қолға қару алып елін, жерін жаудан қорғағандығы, парасат-пайымымен билікке де араласқандығы жайлы мәліметтер келтірілген. Адам ұрпағын жалғастыру мен сақтау мүмкіндігі әйелді өте жоғары әлеуметтік сатыға қойған және оның өмір беруші ретіндегі орны жоғары бағаланғандығы археологиялық мәліметтер негізінде де тіркелген. Әйел образдары аңыз-әңгімелерде баяндалумен шектелмей, ежелгі дәуірде тастан қашалып жасалған балбал мүсіндер арқылы да бүгінгі заманға дейін жеткен.

Сақтар үшін әйелдер үй, балалар, қысқаша айтқанда, бүкіл болмыс дүниенің бейнесі еді. Сондықтан да осыны ескере отырып, қыздарына еркін тәрбие берді. Сақтар өздерінің салты бойынша қыздарын 13 жасынан бастап садақ ату, найзаласу, қылыштасу сияқты соғыс өнеріне үйреткен. Үнемі көшіп-қону және үздіксіз соғыстар кезінде көшпенділер үшін адам саны аздық етсе де үлкен кеңістікті ұстап тұруға мәжбүр болды. Сондықтан да сақ қоғамындағы гендерлік тепе-теңдік, амазонкалар немесе жауынгер әйелдер феномені осы жайтпен түсіндіріледі. Сол себепті де сақтар – кейіннен ғұндар, түркілер мен моңғолдар мұрагерлері болған көшпенділер мәдениеті мен эстетикасының тұңғыш жасаушылары болған.

Сақ тайпаларынан батыр әйелдер көп шыққан. Патшаның қызы, Мермер қолбасшысының әйелі болған Заринаның батырлығын, отансүйгіштігін баяндаған және Селжүк мемлекет басшысының қызы Төребек-ханымның ақыл-айла арқылы Хорезмді төнген қауіптен құтқарғандығы жайлы аңыз-әңгімелер тарих беттерінде қалған. Сонымен қатар, кейбір дерек көздерінде сақ қыздарына өз ерліктерін ұрыс алаңында көрсетпей тұрып, тұрмысқа шығуларына тиым салынғандығы туралы да мәліметтер кездеседі. Парсылардың патшасы Кирдің басын алып, елін жаудан қорғаған Тұмар (Томирис) патшайымның есімі тек түркі халықтарының тарихында ғана емес, әлем тарихында да танымал.

Бүгінгі таңдағы түркі тектес кейбір халықтардың тілдік қолданысында сақталған «қатун», яғни қазақ тіліндегі «қатын» сөзінің мәні мен мағынасы тереңде жатыр.

«Қатун» сөзі түркі билеуші әйелдерінің жоғары лауазымдық атағы мен мәртебесін білдірген. Түркі ортасына бұл атақ монғол тілі арқылы енген және қытай жазба деректерінде «хатун» түрінде сақталған. «Қатун» сөзіне жақын «қатын, хатун, ханым» сынды фонетикалық нұсқалар «ерге тиген әйел», «зиялы адамның әйелі», «үй иесі» және «ханым» деген ортақ мағынада қолданылады. Руникалық жазба дәуірінде «қатун» атағы «қаған» атағымен үнемі бір жұптық бірлікте қолданылған. Тақ мұрагерлерін тағайындау

барысында жүйелілік құқығын қатундық жақтан сақтамау көшпенділердің ру-тайпалық қатынастарға негізделген мемлекеттік бірлестіктерді әлсіретіп отырған. Мұндай жағдайда қатунның орны мен маңызы бірнеше есеге арта түскен және оның шығу тегі таққа отыратын үміткерді таңдауда негізгі өлшем болған.

Бұл мысалдар көне замандарда өмір сүрген әйелдер қауымының мемлекеттік істерге араласып, ел болашағына әсер ете алғандығын анық көрсетеді. Халық даналығы «әйел – мойын, еркек – бас» демекші, әйелдер бүтін бір мемлекеттің бейбітшілік пен татулықта өмір сүруіне барынша атсалысқан. Ұлы дала әйелдері белгілі бір жас кезеңінде еркін жауынгер, халық пен жерді қорғаушылар ретінде тәрбиеленіп, шаруашылықты өз бетінше дербес жүргізуге машықтанды.

Қазақ мәдениеті әдеби мұралар мен жәдігерлерге бай. «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын бейнесі, «Қобыланды» жырындағы Құртқа бейнесі, «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүніс ару, ал «Қамбар батыр» жырындағы Назымның бейнесі отбасының ұйытқысы, ер адамның сүйеніші, адал серігі болып, отағасының бақытты ғұмыр кешуін бірінші орынға қоя білетін образдармен сипатталған.

Қожа Ахмет Ясауидің жиен шөбересі Нұрила ел аузында «Домалақ ана» есімімен танымал. Ол XIV ғасырда өмір сүрген. Домалақ ана Бәйдібек бидің жары болған. Домалақ ананың жау қолында кеткен үйір-үйір жылқыларды үйде отырып-ақ қайтарғандығы туралы аңыз-әңгімелер ел аузында жиі айтылады. Одан тараған ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылымен ерекшеленіп, ел билеген. Әулие ана атағына ие болған Домалақ ана парасатпайымы, ақылымен, кемеңгерлігімен халық жадында сақталып қалды. Түркі халқының асыл аналары мен қыздарының әрекеттері арқылы сол кездегі әйел образын, мәртебесін, қоғамдық рөлін көре аламыз.

Еуразиялық дала мен Орта Азияға VIII ғасырдан бастап ене бастаған ислам дінінің қазақ мәдениетінің түркілік түбіріне, қазақы дәстүр мен қазақы әйел болмысына ықпалы мол болды. Қарахан дәуірінен кейін Шыңғыс ханның немересі Берке хан Алтын Ордаға ислам дінін енгізді. Ал бұл империяның жаппай исламдануы XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Өзбек хан Мұхаммедтің билеген тұсына тап келеді. Қазақтың «Дін Өзбектен қалған», «Өзбек ханның тұсында атамыз қазақ дін баққан, Алтын Орда хандары жердің жүзін шандатқан» деген халық аузындағы сөздері де осыны дәлелдейді.

Ислам діні дәстүрлі мәдениетімізбен үйлесімдікте дами отырып, қазақы әйелдерінің болмысына мұсылмандық құндылықтарды сіңірді. Әйелдердің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын заңнамалық құжаттарға Шыңғыс ханның құрастырған «Жасағы» мен Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жатқызуға болады. Бұл құжаттардан кейін алдында «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның ескі жолы» деген заң жобаларының болғандығы белгілі.

Ата-бабамыз қабылдаған ислам діні анаға, әйелге ерекше мәртебе берді. Христиан діні дүниетанымында «Адам-Ата Хауа-Ананың азғыруы

салдарынан күнә жасап, мәңгілік жәннаттан қуылды» деген түсінік бар. Орта ғасырларда Батыс шіркеулері бар жамандықтың бастамасы әйел бойында жасырынған деп түсініп, инквизиция мен қуғын-сүргінге жол берген. Ал Ислам дінінде керісінше «Жәннат ананың табанының астында» деп, әйел адамдарға ерекше құрмет көрсетті. Ислам дінінің құндылықтары арқылы қазақ әйелдері өз болмыстарындағы көркем қасиеттерді әрмен қарай жетілдіре түсті.

Қазақ әйелдеріне тән көркем мінездер мен өжеттілік қасиеттер ғасырлардан ғасырларға жалғасын тапты. Қазақ тарихы жоңғарларға атойлап шапқан Қабанбай батырдың қызы – Назымды, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Абылай ханның қызы – Гауһарды, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқынды, найманның батыр қызы – Жанқайды жадында сақтап, ұрпаққа дәріптейді. Бұлардан өзге ақылдылығымен, әулиелігімен аты шыққан Бегім ана, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен Бопай, Шоқанның әжесі, бірнеше шығыс тілдерін білген, өз халқының мұң-мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған Айғаным ханша тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған.

Түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы – ғалым Лев Гумилев: «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде: «Түркілер әйелдерді сал-серілердей қатты құрметтейді. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа-қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады... Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген», - деп түркілердің әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп танығандығын жазған.

Бүгінгі таңда кең қолданысқа ие «Жігіттің жақсы болуы нағашысынан» деген мәтелдің өзі көп нәрсені аңғартады. Түркілердің сонау арғы тек ретінде аналарын санаған ежелгі дәуірден қалған түсініктері «Қорқыт ата» жырындағы «Төбекөзді өлтірген Бисат туралы жыр», «Алпамыстағы» Алпамыс пен Ұлтан құл хикаялары арқылы көрсетілген.

Жиренше шешен мен Қарашаш сұлудың тарихы да алтын әріптермен әдебиет тарихына жазылып қалды. Жиренше шешен қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиеті арқылы халық арасына атақ-даңқы кеңінен жайылған айтулы тұлға. Оның әйелі Қарашаш ақылды әрі тапқыр жан ретінде суреттелген.

Қазақтың арқалы билерінің Ескелді би:

Әйел – үйдегі ырысың,

Ұл – айбарлы қылышың.

Қыз – түздегі ырысың,

Келін – кеңейген тынысың.

Қиямет көрсең де ғұмырдан,

Табаның таймасын тұғырдан, - дей отырып, ежелгі заманнан бері адамзат тәрбиесінің арқауы болған әйел адамдардың өзіндік рөліне барынша мән береді.

Қазақ халқының дүниетанымына әйел бейнесі Ұмай ана культімен байланыстырылып, жер сипатына тән өнім беру, яғни ұрпақты өрбіту түсігімен астастырылып отырған.

Қазақ жыраулық поэзиясының көрнекті өкілі Шал ақын:

Алғаның жақсы болса қара жердей,

Жақсыменен сырлассаң шыққан өрдей,

Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын,

Аң алмаған күйшіл құс – бәрі бірдей, - деп жырлайды.

Ел басына күн туған қиын-қыстау замандарға қарамастан қазақ халқы шоқтығы биік ұлт болып қалыптасты. Елдің ел болуына әйелдер қауымы үлкен үлестерін қосып келді. Әйелдер отбасы – ошақ қасы ғана емес, ұрыс алаңы мен қоғамда да өз орнын ала білді. Ерінің, елінің, ертеңгі болашақ ұрпақтарының қамқоршысы бола білді. Түркі халықтарында әйел адамдардың құқықтары ер адамдардан кем түспеді. Олар арқашан үлкен мәртебе мен құрметке ие болған.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен – әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен, үшіншіден қорғалуынан танылады.

Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

Атамыз қазақ ел басына күн туса, ер азаматтармен бірдей атқа қонған, бейбіт күнде білігі асса – билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан әйелдеріне құқық атаулыдан тыйым салып көрген жоқ. Одан дәстүрлі қазақ қоғамы ұтпаса, ұтылмағаны тарихымыздан белгілі. Соның нәтижесінде қазақ халқы үлгілі ұлт болды. Қазақ әйелі азамат әйел болды. Өйткені нағыз азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған жоқ. Сондықтан да ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар.

Кешегі қазақ жұртының қалыптасқан құндылықтары қыз баланың, әйел-ананың ешбір жағдайда қорғансыз қалмауын қамтамасыз етті. Туыстық қатынастар терең дамыған халқымызда әйел баласы жалғыз қалып көрген жоқ. «Қыз ағасыз, тон жағасыз болмайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақалдардың өзі қыз баланың қашанда қорғансыз, жоқтау-сұраусыз болып көрмегенін білдіреді.

Ал асыраушысы жоқ отбасына келсек, «Жесір ерден кетсе де елден кетпейді», «Жетім көрсең, жебей жүр», «Аға өлсе, ініге мұра», «Елде болса, ерінге тиеді» деп мақалдап, әрбір адамгершілік, туыстық қатынасты өз

орнына қойған кешегі қазақ қоғамы жетім мен жесірді қорғансыз қалдырмаудың қамын ойлап, тұтастай бір қамқорлық институтын қалыптастырған болатын. Астан – сыбаға, малдан – сойыс, егіннен кеусен беріп, кез келген жағдайда асыраушысы жоқ отбасына көмек көрсету бір рулы ел үшін айнымас дәстүр болған.

ә) Кеңес үкіметі кезеңіндегі әйел құқығы және феминизм

Қазақ қоғамындағы әйелдің орны өткен ғасырлардың өзінде өзге мұсылман елдеріндегі ахуалмен салыстырғанда анағұрлым прогрессивті, яғни демократиялық талаптарға жақын болғаны белгілі.

Атақты араб саяхатшысы ибн Батута: «Бұл өңірде (Орта Азия) мені таңқалдырған жайт – мұндағы халық әйелдерді ерекше құрметтейді екен» деп жазды. Расында да, Алаш баласы әйел затына ерекше құрметпен қараған. Нәзік жандыларға арнап қаншама қимас сөз, жыр-дастандар шығарған. Қаншама тарихи жер-су атауларды әйел затының атымен атаған. Тіпті, бейнелі түрде көкке көтеріп, әйел жаратылысын космогониямен де байланыстыра білген. Яғни әйел жайлы пайымдаулар қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналған десек, асыра айтқандық емес.

Десе де, XX ғасырдың басында өмір сүрген Алаш зиялыларының әйел турасындағы көзқарастары өзгеше пайымдауды қажет етеді. Өйткені олар өмір сүрген тарихи кезеңде адам бостандығы, құқықтық теңдік мәселелері ғаламдық деңгейде қоғам талқысына түсіп жатты. XIX ғасырда қазақ жеріне ғылыми экспедиция жасаған орыс зерттеушілерінің көпшілігі қазақ әйелдерін қалыңмалға сатылатын, әйелдің үстіне әйел болып баратын, тұрмыс тауқыметін тартқан салпы етек сорлы сипатында бейнеледі. А.Левшин, Н.Гродеков, Н.Израцов, И.Андреев, И.Ибрагимов, Ф. Лазаревский, Л.Баллюзек, А.Диваев т.б. зерттеушілердің жазбаларынан осындай пікірлерді кездестіре аламыз. Тіпті, халқымыздың алғашқы ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар да қазақ даласында әйел құқығы аяққа тапталатынын ашына жазды.

Сол себепті жеке адамның бас бостандығы үшін күрес идеясы XX ғасырдың басында әдебиет саласындағы негізгі тақырыпқа айналды. Қазақ әйелінің бейнесі әдебиеттің, оның ішінде жаңа жанр – қазақ романының басты кейіпкері рөлін сомдады. Соған орай бостандық идеясын ту етіп көтерген әдебиетке тән еркіндік, азаттық, адамгершілік идеялары әйел образының тағдыры мен арман-мұңы арқылы өрбітілді.

XX ғасырдың бас кезі қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі өзгерістер мен тың жаңалықтарға толы болды. Қазақ зиялы қауымдарының үлкен шоғыры қалыптасып, жазба әдебиет өркендеді.

Қазақ әдебиетінде әйел тақырыбын ұлы ойшыл ақын Абай бұрын болмаған дәрежеде дамытып, әйел бейнесін сомдауда үлкен төңкеріс жасады. Әйел теңдігі тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қамтылып, жалпы адамгершілік идеясымен қабысты. Ол қазақ қызының теңсіздікті басынан

кешіріп, теңіне қосыла алмай келген ауыр халіне күйінішін білдіріп, осыған наразылық белгісі ретінде өлеңдерін арнады.

Әйелдерге білім беру мәселесін арнайы көтерген қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарин болды. Ол дәстүр қыспағында қалған қазақ қыздарына білім беру керектігін, олардың табиғи зеректігі мен құштарлығын атап өтіп, қоғамнан өздеріне тиісті орын алуларын талап етті. Қыз балаларды оқытуда олардың белгілі бір кәсіптің түріне бейімділіктері бар екенін ескеріп, қолөнер шеберлігіне баули отырып, білім беруді мақсат етті. Ы.Алтынсариннің қажырлы еңбегінің арқасында 1887 жылы тұңғыш рет Ырғызда қазақ қыздарына арналған қолөнер шеберлігіне баулитын қыздар училищесі, ал оның жанынан қазақ қыздарына арналып 1888 жылы интернат ашылды. Жанында интернаттары бар қыздар училишелері 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ поселкесінде және т.б. өңірлерде де ашыла бастады. Қазақ әйелдерінің білім алуымен қатар, теңдігі мен құқығын көтерген мәселелер де қатар жүріп отырды.

С.Дөнентаев қаламынан «Әйел теңдігін қалай түсіну керек», «Хат танымаған қатарға қосылмайды», «Көркем қызға», «Жәмилә қыз», «Әйелдер мейрамына», «Ерікті Айша» және «Әйелдердің он жылдық тойына» атты өлеңдерінде әлеуметтік мәселе бірде диалог, бірде монолог, бірде қыз мұңы түрінде беріледі.

Халық тағдыры М.Дулатовтың прозалық шығармаларына да арқау болды. 1910 жылы жазылған «Бақытсыз Жамал» еңбегі қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман болды. Романда әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдайы баяндалды. 1907 жылы ол «Жесір дағуалары хақында» еңбегінде әйел адамдардың азаматтық құқығын қорғады. Ата-аналардың балаларына бесіктен құдаласуына, 60-70 жастағы шалдарға 15 жасар қыздарын беруіне қарсылығын білдірді. Қыздарды 17-18 жасқа толғаннан кейін ғана күйеуге беруге болатынын түсіндірді. «Әйелдердің азаматтық құқығы қазақ қоғағымынын әлеуметтік жағдайын анықтайды және елді өркениетке жетелейді», - деп жазды.

XIX ғасырдың екінші жартысында көпшілікке арналған аралас мазмұнды, безендірілген журналдар көбірек шығарылды. Қазақ тіліндегі алғашқы журнал – «Айқап» болса, кейінірек «Садақ», «Айна», «Мұғалім», «Қызыл Қазақстан», «Шолпан», «Әйел теңдігі», «Қазақстан әйелдері», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет» және т.б. журналдар жарық көрді. Аталмыш баспа басылымындарында қазақ халқын толғандырған мәселелермен қатар, қоғамды әйел теңдігі тақырыбы жиі сөз болды.

Жас ақын, 1913-1914 жылдары «Айқап» журналының редколлегия мүшесі С.Торайғыров қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесін ашық қолдады. 1912 жылы жазылған «Неке кияр» атты поэтикалық памфлетінде жас қыздарды еріксіз кәрі шалдармен некесін қиятын молдаларға және әменгерлікке, қалыну малға қарсы өз көзқарасын білдірді. Оның жаңа әлеуметтік әуендері «Әйел» атты өлеңінде бейнеленді, әйелдердің ерлермен бірдей теңдік алатын күн туатынына сенді. Оның «Қамар сұлу» романы

қазақтың әдеби және қоғамдық өміріндегі ғасырлық оқиға болып табылады. «Қазіргі қырғыз әйелінің қайғылы жағдайы» атты еңбегінде де жоғарыдағы аталған ойлар өз жалғасын тапты.

Әйел теңдігі мәселесін «Айқап» журналының беттерінен А.Ғалимов те «Бейшара қыз» атты өзінің шығармасы арқылы көтерді. Автор халықтың қоғамдық санасын, психологиялық денгейін, қазақ әйелінің қиын жағдайын бейнеледі.

«Айқап» журналының редакциясы қалың мал мәселесін қазақ қоғамын өркениетті дамыту бағдарламасымен байланыстырды. «Қазақ түріктерінің некесі» атты мақалада: «Біздің пікірімізше қазіргі кезеңде қазақтарда әйелдер аз туылады, көп өледі. Әйелдердің аз туылуы құдайға байланысты болса, ал олардың көп өлуі – біздің өміріміздің қолайсыздығынан. Барлық ауыр жұмыс әйелге жүктелген, олардың тәрбиесіне көңіл аударылмайды. Кәмелетке жетпеген қыздарды тұрмысқа берудің қаншалықты зиян екенін адамдар түсінбейді. Егер біздер осындай өмір салтын өзгертпесек, келешек ұрпақтың азаю қаупіне тап боламыз», - деп жазды. Аталмыш баспа басылым қоғамдағы әлеуметтік-демографиялық мәселелерін көтерді. Әйелдер мен ерлердің азаматтық құқығын теңестіру, әйелдердің білім алуы жайлы көтерілген мәселелер прогрессивті және адамзаттың анасы ретінде әйелдерді құрметтеуге шақырады.

Журнал беттеріне алғашқы қазақ әдебиетші әйелдерінің – К.Өтегенқызының, С.Тілеубекқызының, М.Сейдалықызының өлеңдері жарық көрді. С.Тілеубекқызының «Көптен күткен арман» атты мақаласында көпшілікті әйелдерге білім беруді дамытуға шақырды.

1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор губерния Троицк қаласында «Қазақ» газетінің 1-ші номері жарық көрді. Редакторы А.Бөкейханов болатын. Ол қазақ халқының білімге, еңбекке, халықтың санасын оятуға шақырды. Газеттің бір бөлімі әйел мәселесін көтерген тақырыптарға арналды.

«Қазақ» газетіндегі талқылаудың соңы «Сайлау хұқы» деген мақаламен (№229.1917) шегіне жетеді. Оның авторы А.Байтұрсынов әйелдерге ерлермен бірдей сайлау құқығын беруді сөз етті. Ол әйелдерді мемлекеттік Думаға сайлау жайлы пікірін ашық айтты.

1917 жылдың 25 сәуір-7 мамыр аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясы қазақ әйелдерінің теңдігі туралы мәселені көтерді. Бұл мәселе жөніндегі съезд қаулысы сегіз баптан тұрды:

1. Әйелдер мен ерлердің саяси құқығы тең болу керек.
2. Әйел өзінің күйеуге шығу мәселесін өзі шешеді.
3. Қалың малды жою.
4. Қыздарға 16 жасқа дейін, ер адамдарға 18 жасқа дейін үйленуге тиым салу.
5. Үйлену үшін күйеу жігіттің ғана емес, қалыңдықтың да келісімі қажет.
6. Жесір әйел кімге күйеуге шығарын өзі шешеді.

7. Екі әйел алу тек бірінші әйелдің келісімімен ғана орындалады.

1920 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Орталық Атқару комитеті қалың малды жою туралы декрет қабылдады. Бұл декрет қазақ әйелдерінің адамгершілік құқығы мен құпиясына қол сұқпау және кәмелетке толмаған қыз балаларға құда түсуді жою туралы шешім шығарды. Осылай қазақ әйелдері жаңа өмірге араласа бастады. Олармен жұмыс жүргізу мақсатында жер-жерлерде кеңестер құрылды.

Қорыта айтқанда 1905-1907 жылдардағы Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революция; 1909-1913 жылдарда Қазақстан даласына миллиондаған орыстар мен украиндықтардың қоныстануы; 1914-1917 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс; 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс; 1917 жылғы ақпан революциясы; 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс және т.б. саяси-әлеуметтік жән тарихи маңызы зор оқиғалар қазақ халқының қоғамдық санасының даму үрдісіне тікелей ықпал етті.

XVIII ғасырда Батыс елдерінде негізі қаланған феминизм негізінде қалыптасқан гендердік саясат ұстанымдары Кеңес үкіметі арқылы қазақ даласына да енді. Бір жағынан әйел адамдарды жаппай сауаттандыру үрдісі жүріп жатқанымен, екінші жағынан әйелдер мен ерлердің құқықтары тең деген ұран аясында олар кен өндіру, темір жол жұмыстары мен астық жинау және осы сынды т.б. ауыр жұмыстарға тартыла бастады.

«Феминизм» сөзі латынның «әйел» деген сөзінен шыққан. Феминизм әйелдердің теңдік үшін түрлі ағымдағы күресінің жалпы атауы ретінде айқындалады. Феминология – әйелдер рөлін, әйелдер қозғалысын және олардың ерлермен тең құқығын қарастыратын ғылым болып саналады. Феминология әлеуметтік статусы мен әлеуметтенудің, саясаттың, үкіметтің гендерлік аспектісін, дискриминация мәселелерін, әйелдер мен ерлердің арақатынасын зерттейді.

Кеңес дәуірінде қазақ әйелдері өндірістегі жұмыстарда, ғылымда, басқару қызметінде және т.б. салаларда қызмет атқарды. Олар еңбек пен соғыста батыр атанды. Орал облысының тумасы Алма Оразбаева (1898-1943) өзін басшылық қызметте көрсете білді. Алматыда дүниеге келген Нағима Арықова (1902-1956) да басшылық қызметін атқарды. 1928 жылы үкімет деңгейінде әйелдер теңдігі туралы баяндама жасады. Нәйла Базанова қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы болды. Қостанайдан шыққан тракторшы Кәмшат Дөненбаева 32 жасында Социалистік Еңбек Ері атағын алып, Мәскеудегі Жоғарғы Кеңес депутаттығында отырды.

Әлемге кеңінен танымал әртістеріміз, әншілеріміз, сөз шеберлері, жазушы Жамал Омарова, Күләш Бәйсейітова, Әмина Өмірзақова, Сара Жиенқұлова, Фариза Оңғарсынова сынды апаларымыздың елімізге сіңірген еңбегі орасан.

Қорыта айтқанда Кеңес үкіметі тұсында әйел теңдігін ту етіп көтерген идеология белгелі бір деңгейде әйелдерді отбасынан аластатуға ықпал етті.

Олар қоғамдық істерге жегіліп, екі жақты қысымға ұшырады. Аналардың мойнына ауыр жүк артылды. Олар бала босанып, ұрпақ өрбіту міндетімен қатар, қоғамдық жауапкершілікті де қоса ала жүрді.

XX ғасырдың соңына таман саяси-мәдени және экономикалық үдерістерге, яғни жаңа заман талабына сай әйелдер қауымының бейнесі де бірқатар өзгеріске ұшырады.

б) Қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы әйелдің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі

Гендерлік статистика және Мыңжылдықтың Даму Мақсаттарының көрсеткіштері. Мемлекетіміздің ірге тасының нығаюына, экономиканың тұрақтылығы мен демографиялық мәселелердің шешім табуына, ұлттық идеологияны дамытуда әйел адамдардың қосар үлесі зор. Отанымыздың өркендеуі жолында халқымыздың жоғын жоқтап, ар-намысын қорғайтын ертеңгі ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты мәселесі. Соңғы жылдары әйел адамдардың қоғамдық өмірдегі, саясаттағы, бизнестегі және т.с.с. орны мен рөлі артуда.

XX ғасырда әлемнің көптеген мемлекеттерінде әйел мен ерлердің теңдігі жарияланды. Жаңа мыңжылдықта әйелдер құқығы халықаралық заңнамаларда дискриминациялық сипатын түбегейлі жоғалтып, жаһандық дамудың ажырамас компоненті ретінде қарастырылып келеді.

2000 жылдың қыркүйек айында өткен Саммитте дамыған елдердің көшбасшылары Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ-ның) Декларациясын қабылдады. Онда негізгі сегіз мақсаттың бірегейі болып гендерлік теңдік бекітілді. Осы мәселеге «2000 жылдағы әйелдер: ер мен әйел теңдігі, XXI ғасырдағы даму» атты БҰҰ-ның Бас ассамблеясының XXIII сессиясы арналды. Жиынға қатысушыларға өз мемлекеттеріндегі әлеуметтік өмірдің барлық салалары мен деңгейлерінде әйел құқығын қамтамасыз етуге бағытталған нұсқаулар ұсынылды.

Гендерлік теңдіктің жетістігі адами дамудың тұрақты негізгі факторларының бірі болып табылады. **Гендер** – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын анықтайтын әлеуметтік және мәдени рөлдер мен нормалар жиынтығы, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынас.


«Гендер» сөзі жыныс деген мағынаны бергенімен, гендер жыныстардың биологиялық емес, әлеуметтік қатынасын сипаттайды. Гендерлік зерттеулерге теңсіздіктен туындаған ер мен әйелдің өзара қарым-қатынасы жатады. Қазіргі таңда гендер ұғымы әлеуметтану және психологиямен байланыстырылады.

Гендерлік теңдік – әлеуметтік функцияларды орындау барысында жынысына тиесілі тәуелсіз ресурстар мен игіліктерге ерлер мен әйелдер үшін тең қолжетімділік.

Гендерлік статистика ерлер мен әйелдердің жағдайы туралы деректер жиынтығын келесі салаларда көрсетеді: халық, отбасы, денсаулық сақтау, білім және коммуникациялар, жұмыспен қамту, адам құқығы және саясат. Ол

ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері принциптерін жүзеге асыру, әлеуметтік-демографиялық саясатты тиімді әзірлеу барысында ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде ерлер мен әйелдердің ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік берудің маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Қазақстанда гендерлік статистика мәселесіне жоғары көңіл бөлінеді. 2006-2016 жылдарға гендерлік теңдіктің Ұлттық стратегиясында әр мәлімделген бөлімі бойынша толық гендерлік статистика және гендерлік индикаторларды толық жетілдіру мәселесіне жеткілікті назар аударылған стратегиялық міндеттер мен іс-әрекеттер қаралады.



Қазақстан Республикасы да көштен қалмай Үкімет қаулысымен 2003 жылдың 27 қарашасында гендерлік саясат концепциясын қабылдады. Қазақстанда гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асыру мақсатында ҚР Президентінің нұсқаулығымен құрылған Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы қызмет атқаруда.

Аталмыш комиссияның міндеттеріне Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру тұрғысында аймақтық ерекшеліктерді ескері отырып, отбасыға, әйелдер мен балаларға қатысты кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін басымдықтарды айқындау; отбасын, әйелдер мен балаларды әлеуметтік, экономикалық, заңдық және психологиялық тұрғыда қолдаудың кешенді жүйесін әзірлеуге жәрдемдесу; қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі отбасының, әйелдер мен балалардың ақиқат жағдайын анықтау мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге, ақпараттық базаны түзуге жәрдемдесу; халықаралық ұйымдармен ықпалдастық, халықаралық деңгейде өткізілетін отбасы, әйелдер мен балалар жағдайының мәселелері жөніндегі конференцияларға, кеңестер мен семинарларға қатысу және т.б. кіреді.

Комиссия жұмыстарының негізгі бағыттары мемлекеттің саяси және экономикалық дамуына әйелдердің қатысуын қамтамасыз етуге, демографиялық саясат пен рухани-адамгершілік тәрбиеге, сонымен қатар халықаралық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған. Аталмыш бағыттар өз ішінде отбасына, ана мен балаға, әйел адамдардың қоғамдық рөліне қатысты бірқатар жоспарларды қамтиды.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының жұмыс есебі бойынша бүгінгі таңда әйелдер қауымының еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатысуда белсенділік танытып отырғандығы белгілі болды. Жұмыс істейтін адамдардың қатарында әйелдердің үлесі 50% - дан асса, шағын және орта бизнес субъектілері басшыларының 40%-дан астамы кәсіпкер әйелдер екендігі анықталды.



Ұлт Көшбасшысы «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды бірінші орынға қойды. Осы мәселенің негізінде «Саламатты Қазақстан» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іс-шаралары жүзеге асырылуда. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, соңғы 5 жыл ішінде қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы 70,4 жасқа дейін ұзарса, аналар арасындағы өлім-жітім деңгейі 2 есеге, ал нәрестелер арасында 1,7 есеге азайған. Бұл көрсеткіштер әйелдер мен балаларға бағытталған жұмыс нәтижесін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 2012 жылы 14 ақпанда Ананы қорғау туралы конвенция ратификацияланып еңбек саласында барлық әйелдердің теңдігіне, сондай-ақ ана мен баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне одан әрі жәрдемдесу үшін ананы қорғау, оның ішінде жүктілігі мен бала тууы

бойынша демалыстың ұзақтығы және сақтандырылған табыс мөлшеріне байланысты анаға ақшалай төлемақы мөлшері белгіленген.

«Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында отбасын жоспарлау мәселесі енгізіліп, туу мен көп балалы болуды ынталандыру бағытында 2010 жылдан бастап көпбалалы аналардың туған және тәрбиелеген балаларының саны азайтылды, яғни «Алтын алқа» белгісімен марапаттау үшін 10-нан 7 балаға дейін, «Күміс алқа» үшін 8-ден 6 балаға дейін төмендеді.

Отбасы маңызды әлеуметтік бірлік ретінде заңның қорғауында болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп атап көрсетілген. Мемлекет отбасын нығайтумен қатар, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтауға және қалыптастыруға ерекше назар аударуда.

Осыған дәлел ретінде Елбасымыз Жолдауының «Мәдениет, дәстүр және даралық» атты тарауында: «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» деп ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрімізді қорғауға, бірлікке шақырып, «үйдің берекесі қабырғасының қиюымен емес, теңінің жиюымен, отбасындағы сыйластықпен, татулықпен кіреді» дейді.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия тарапынан бүгінгі таңда бірқатар шаралар атқарылып, қызметтер жүзеге асырылуда.

2015 жылдың 20 наурызында өткен ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықованың төрағалық етуімен ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның кезекті отырысында индустрияландыру бағдарламасының бірінші бесжылдығында 770 жоба іске қосылғанын атап өтілді. Бұл жобаларға 63 мың адам тартылса, оның 18 мыңын (29%) – әйелдер қауымы құраған.

Отырыста сондай-ақ мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының гендерлік аспектілері, Астана, Алматы қалалары мен облыстар аумақтарын дамыту бағдарламалары, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің өңір халқының репродуктивті денсаулығын сақтау бағытында қолданылып жатқан шаралары қаралды. Г.Әбдіқалықова халықтың қалыпты өсуін және жалпы өмір сапасын арттыру үшін репродуктивті денсаулықты сақтау мен нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

2015 жылдың 12 маусымында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілген ғылыми конференция негізінде «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар» атты жинақ жарық көрді. Еңбек даналық пен парасатпайымы арқылы көзге түсіп, тарихта аты қалған қазақ әйелдеріне арналған.

«Дін және әйел» республикалық форумы. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Қазақстандық қоғам дамуының басты стратегиялық бағыты – жастар тәрбиесі, соның ішінде ару қыздарымыздың тәрбиесі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кезекті жолдауында: «Халқымыз қыздың жолы жіңішке дегенді ерекше мән беріп айтады. Бойжеткеннің жолы, қыздың жолы – қылдай, оны үзуге болмайды. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның теңқұқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды», - деп ерекше тоқталған болатын.

Осы мақсатта 2013 жылдың наурыз айында Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Дін және әйел» форумы өткізілді. ҚР Дін істері агенттігі (қазіргі ҚР МСМ Дін істері комитеті), ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, ҚР Білім және ғылым министрлігі бірлесе ұйымдастырған бұл форумның жұмысы Атырау, Көкшетау, Павлодар, Қызылорда, Шымкент, Орал, Жамбыл, Талдықорған және Астана қалаларындағы жетекші оқу орындарында жалғасын тапты. Аталмыш форумның мақсаты:

- қоғамның әр саласындағы әйелдердің басын қосу арқылы әйел құқығы, әйел мәртебесі, қазіргі әйел тұлғасы секілді ортақ мәселелерді талқылау;

- отбасылық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамды рухани дамыту жолдарын іздестіру;

- жастар тәрбиесі, соның ішінде қыз бала тәрбиесі мен олардың құқықтарын қорғау мәселелері;

- қазіргі таңдағы діндар әйел келбетін айқындау және діни фанатизмнен сақтандыру жолдарын анықтау;

- «Қыз Жібек» клубын ашу.

Форумға қатысушылар дін және әйел тақырыбының кең ауқымды мәселелерін қарастырып, пікірталас барысында көтерілген мәселелердің маңыздылығын пайымдай отырып, төмендегі шараларды ұсынды:

- мемлекет пен қоғамға: қазіргі таңдағы қазақстандық әйелдердің отбасындағы, қоғамдағы, саясаттағы мәртебесі мен беделін көтере түсу бағытында шаралар жүргізу;

- әйел ананың қоғамдағы рухани құндылықтардың дамуы мен ұрпақ тәрбиесіндегі ерекше рөлін ескере отырып, оның отбасылық және қоғамдық тәрбие үдерісіне белсене араласуына қажетті жағдайлар туғызу;

- «Қазақ тарихындағы әйелдер келбеті», «Зайырлы мемлекеттегі әйел және дін», «Ислам дініндегі әйелдің орны», «Исламдағы діндар әйел келбеті» тақырыптарында арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесін қоғам өкілдерне кеңінен таныстыру;

- қоғамның дамуы мен рухани жаңғыруындағы әйел-ананың ролін насихаттау, әйелдер арасында діни фанатизмнің таралуының алдын алу мақсатында дін қызметкерлерімен, мүдделі мемлекеттік органдар және зиялы қауым өкілдерімен бірлесе отырып, оқу орындарының барлық деңгейлерінде және басқа да мақсатты аудиторияларда түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастыру,

- отандық зайырлы және діни ұйымдардың әйелдер, отбасы және неке мәселелерін көтеруге және жариялауға бағытталған жұмыстарын жандандыру;

- дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамды рухани дамытуға бағытталған арнайы теле-радио бағдарламалар мен басылымдарды әзірлеп, жарыққа шығару;

- жастардың, соның ішінде қыз балалардың дұрыс рухани тәрбие алуын қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау мақсатында өскелең ұрпақтың құқықтық және діни сауаттылығын арттыру.

Осы форумның аясында еліміздегі жетекші университеттері базасында «Қыз Жібек» клубтар ашылды. Бұл клуб «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деген ұстаным негізінде жұмыс істейді.

«Қыз Жібек» клубының негізгі мақсаты – қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ аруын қалыптастыру және университет білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру.

«Қыз Жібек» клубының негізгі міндеттері:

- тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;

- ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;

- кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;

- сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, саламатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;

- қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;

- болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;

- салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;

- үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.

«Қыз Жібек» клубының ұстанымдары:

- Республикасының тарихи және мәдени, ұлттық құндылықтарын сақтау, тән саулығын, саламатты өмір салтын ұстануға баулу, адамгершілік және рухани дамыту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;

- қыз қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, өткен тарихымызды білуге, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, отан сүйгіштікке тәрбиелеу;

- мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы үшін үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру. Әдеп пен сыпайылық, ибалық, инабаттылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындату;

- үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді, құзіретті қызды қалыптастыру.

«Қыз Жібек» клубының негізгі бағыттары:

1. Тарихи тұлғалардан өнеге
2. «Қыз Жібек» клубы мүшелерінің бейнесін қалыптастыру
4. Қыздарды тектілікке тәрбиелеу
5. Отан отбасынан басталады
6. Дәстүрлі діни танымдар

Білім алушы қыздарды ұлттық санада тәрбиелей отырып, ата-баба мирасы болған салт-дәстүрімізді, киелі отбасы құндылықтарын насихаттап, болашақ ұлт аналарын дайындауға бағытталған «Қыз Жібек» клубы парасатты қыздардың діни ой-өрісін тереңдетіп, мемлекет тәуелсіздігін нығайтуға, қоғамды әлеуметтендіруге өз үлесін қосады.

Дін істері комитетінің бастамасымен қолға алынған «Дін және әйел» форумы еліміздің бірқатар аймақтарында өткізіліп, көптеген жоғары оқу орындарында «Қыз Жібек» клубының құрылуы өз жалғасын табуда.

Бүгінгі таңдағы қазақ әйелдерінің бейнесін анықтау мақсатында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұстаздары сауалнама жүргізген болатын. «Әйел үшін қандай қасиеттер ең қажетті?» деген сауалға сұрау салынушылар бірінші кезекте шыдамдылық, еңбексүйгіштік, қажырлылық қасиеттерін, екінші кезекте ақыл мен білімді атап көрсеткен. Бұл бір жағынан ғасырлар бойы қазақ әйелінің болмысына серік болған қасиеттердің қазіргі қыздар тарапынан да жоғары бағаланатынын аңдатса, екінші жағынан әйелдің болмысын айқындайтын нәзіктік, сезімталдық, инабаттылық секілді қасиеттердің замана ағымына сай кейінгі орындарға ысырылып қалғанын аңғартады.

«Қазақ қызына анықтама беріңіз» деген сауалға респонденттердің басым бөлігі «білімді» деп жауап берген. «Тұрмысқа қай кезде шығуды қалайсыз?» деген сауалға қыздардың барлығы дерлік «Жоғары білім алғаннан кейін», - деп жауап беруді жөн көріпті. «Нағыз қазақ қызы ретінде кімдерді атай аласыз?» деген сауалға қыздардың басым бөлігінің Әлия мен Мәншүкті, Ұлпан мен Зерені атауы еріксіз сүйіндіреді. Бұл қазақ қыздары ардақ тұтар тұлғалардың ақылына көркі сай, ерлігіне парасаты жарасқан, ел билеп, ұлтына ұйытқы болған аяулы аналар болып отырғанын айғақтайды.

Дегенмен алаңдатарлық жауаптар да жоқ емес. «Қазіргі қазақ әйелі өзгерді ме? Өзгерсе, қалай өзгерді?» деген сауалға «Ол ер адамдарға тән мінездерге ие бола бастады», - деп жауап беріпті басым көпшілік. Ерлердің көпшілігі «Әйелдер ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді ұмытты», - деп санайды.

Ал ең басты назар аударарлығы: «Ел басына күн туса, қолға қару алар ма едіңіз?» деген сауалға қыздардың 92,7 пайызы: «Иә, елді қорғау біздің де борышымыз», - деп жауап берген.

Ғасырлар сынынан өтіп, сұрыпталып жеткен, шынайы адамгершілік пен иманға негізделген ұлттық құндылықтар құнын жоймайды әрі өміршең келеді. Ұлтының ұлағатты үрдістерін қазіргі таңда да көптеген қазақ әйелдері үздіксіз жалғастырып келеді. «Қазақ қызы» деген атқа лайық болудың өзі аз

мәртебе емес. Ата-бабаларымызды сан ғасырлар бойы адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеп келген қазақтың ұлттық дәстүрлері келер ұрпақ үшін де мың жылға жетерлік рухани азық болмақ. Бірақ күн санап жоғалтарымыз көбеймесін десек, сол рухани бұлақтың бітелуге айналған бастау көзі бүгіннен бастап аршылуға тиіс. Бұл орайда «Ұлтыңды тәрбиелеймін десен, қызыңды тәрбиеле!» деген ұлттық ұстанымды ұлықтау қажет.

Дәстүрлі ислам және қазақ әйелі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал», - деп атап көрсетті. Осыған орай, бүгінгі қоғамда пікірталас өзегіне айналған әйелдердің қоғамдағы орны мен рөлі мәселесін бір қырынан ашу үшін қазақ халқы дәстүрлі дін – исламның құндылықтары жүйесіндегі әйелдердің мәртебесін қазіргі заман парадигмасымен салыстырып қарастырған жөн.

Сонау ежелгі ғасырлар қойнауынан, яғни көшпенділердің еркін тұрмысынан бастау алған қазақ әйелінің бейнесі заман ағымына қарай бейімделіп отырды. Бұл бейімділік әсіресе қоғамдық қатынастарда орын алды. XIX ғасырда өмір сүрген зиялы қауым өкілдерінің көптеген туындылары әйел теңдігіне, қыз балаларға білім беруге арналған болатын. XX ғасырда Кеңес Одағының саяси-идеологиялық ұстанымынан әйелдер қауымы да тыс қалмады. Әйелдерді құқықтық тұрғыдан бұрын, қара күш арқылы ер адамдармен теңестіру әрекеттері жүзеге асырылды. Кен орындары мен темір жол бойында қызмет атқарған әйелдер қауымының аянышты хәлі аталмыш саясаттың айқын көрінісі болмақ. XXI ғасыр батыстық немесе шығыстық, яғни кезкелген мәдениет ағынына тосқауыл болу мүмкін емес ақпарат пен технологияның қарыштап дамыған жаһандану дәуірі. Батыстық «құндылықтар» немесе аралас құндылықтар (батыстық және шығыстық) жаһандану дәуірінің негізгі ұстанымына айналып отыр.

Бүгінгі таңда түрлі ақпараттар легіне төтеп бере отырып, өзіміздің рухани, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу жолында қазақ әйелдерінің болмысын қалыптастырып, ары қарай жетілдіру үлкен мәнге ие.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, елімізде қалыптасқан рухани бос кеңістік салдарынан дәстүрлі дінімізге жат көзқарастарды насихаттаған түрлі ағымдар етек алды. Жат ағым идеологиясы кейбір әйел адамдардың қазақи болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне, өмірлік ұстанымына кері әсерін тигізбей қоймады. Қоғамымызда хиджаб кию мен қара киімге оранып жүру әрекетіне қатысты мәселелер бой көтерді. Көзі ашық оқырман да, көкірегі ояу қаламгер де, зердесі сара зиялы да үн қосып, пікір білдіріп жатуынан-ақ бұл мәселенің қазақы қаны бар ешбір азаматты бейтарап қалдырмайтыны байқалады.

Сөздік қорына «хиджаб» деген сөзді енгізбеген қазақтың «хиджаб» аталатын киім үлгісіне де тосырқай қарауы негізсіз емес. Бұл қауіп қазақы

болмыстың қаймағы бұзылмаған, басқаша айтқанда ұлттың қорғаныс қабілеті әлсіремеген кезеңдерден бастау алғаны анық.

Қазақ орамалға қарсы емес. Исламды қабылдағанына он үшінші ғасырға аяқ басқан кешегі түркілердің ұрпағы – бүгінгі қазақ ислам дінінің аясында ұлт болып қалыптасты. Мұсылмандық қазақ халқының қаны түгіл, сүйегіне сіңіп кеткен. XVI ғасырда «Қазақ деген сахарادا жайын жүрген дінсіз халық, бұларды кәпір деп пәтуа шығарып, құлдыққа сату керек» деген Бұхараның білімдар ғұламаларын тақуалығымен таңдай қақтырып, Орта Азияның дін астанасы болған Бұхараның ортасынан ойып Көкілташ медресесін салған да қазақ халқы болатын. Қазақ халқы кешегі қалмаққа қарсы шайқас пен орыстармен күресте де парыз намазын қалдырмаған. Дін қарындас татардың ғұламасы Шихабуддин Маржани өткен ғасырдың басында-ақ: «Жарықтық Хазіреті Қожа Ахмет Яссауи қазір тіріліп келсе, халыққа дін үйретпес еді. «Өздерің де мұсылман екенсіңдер» деп, кәсіптің көзін үйретер еді» деп, қазақ мұсылмандығының кемдігі жоқтығын астарлап өткен.

«Дін – апиын» деп жетпіс жыл ұрандағанымен, кешегі кеңестік кезең де қазақ ұлтының дін-тұғырын шайқалта алған жоқ. Намазын жасырын оқып, насихатын үзбеген, айтын ашық тойлап, жаназасын жария өткізген халықпен алысып жүріп-ақ Кеңес үкіметінің де дәурені өтті.

Тәуелсіздікке қол жетісімен ұлт руханиятының тұғыры болған ислам діні қайта жаңғырды. Зайырлы мемлекет болғанмен, дінсіз қоғам еместігімізді айғақтап, елімізде дербес мүфтият құрылды. Ықылым заманнан шарифат пен дәстүрді астастырып, ата-баба жолы болған ханафи мазхабы қазақ халқының сенім тұғыры ретінде бекіді. Мешіттер бір орталықтан басқарылып, дін насихаты жолға қойылды. Діни оқу орындары ашылып, дін мамандарының деңгейі көтерілді. Сонымен қатар, діни басылымдар да молайды.

Әурет жерлерін жасырып, етек-жеңі ұзын киім кию – әйел затына Алланың аманат еткен парызы. Қасиетті Құранның аяттарымен жеткізілген аянның бұйрығы мен тыйымына бойұсыну – саналы мұсылманның пенделік борышы. Осы пенделік парызын абыроймен атқарған қазақ халқы да ғасырлар бойы қыз баласы мен әйел затына етек-жеңі ұзын киім кигізіп, жалаңбас жүргізбеген. Бойға жеткен қыз баланың етегі қысқа киім киюі кедейліктің, тапшылықтың белгісі саналған. Мойны ашық тұрмауы үшін әдетте қыз балалар мен әйелдердің көйлегі жағалы етіп тігілген. Мұның бәрі мұсылмандық шарттарынан қиыс кетпеген.

Бірақ қазақтың танымы мен талғамына, табиғатына сай ұлттық киімнің де өзіндік ерекшеліктері болған. Ең алдымен қазақ әйелдер мен қыздарға қолапайсыз кең көйлек кигізбеген. Ол әйел затының сәніне ғана сын емес, тұрмысына да қолайлы болмаған. Ыстық-суығы аралас дала табиғаты да, әсемдікті айшықтай білетін қазақы талғам да әйел затына жинақы көйлек пен қынама бел камзолды лайық көрген. Қыз бала бой жете бастағаннан ата-анасы: «Өмірде жалғыз болмасын, қосағымен қоса ағарсын» деп ырымдап, қос бұрым шаш өсіретін. «Қыздың көркі – шаш» деп білген қазақтың қыз-

келіншегі бұрымын жасырып көрмеген, шолпы-шашбаумен сәнденген. Бойжеткен қыз қызыл орамал тағып, үкілі тақия, құндыз бөрік киіп, жалаңбас жүрмеуге тырысқан. Ақ босаға аттаған әйел заты ақ жаулығын басынан тастамаған, кимешек пен күндігін сәндеп салған.

Соңғы кездері мектеп қабырғасында оқитын оқушы қыздардың хиджабпен сабаққа келу үрдісінің жиі кездесуі қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Кейбір діндар адамдар, яғни ата-аналар тарапынан «хиджаб кимеген қыз – мұсылман емес» деп айтылып жүрген көзқарастар шынайы ислам дінінің қағидаттары мен ұстанымына жат. Ислам дінінде адамның сыртқы атрибутикалық келбетінен бұрын, оның ішкі жан дүниесіне, иманының шынайылығына үлкен мән берілетіндігі «Алла Тағала сендердің түрлерің мен мал-дүниелеріңе қарамайды. Алла Тағала сендердің жүректерің мен амалдарыңа қарайды» деген хадис шарифтен көрініс тапқан (Әбу Һурайрадан Муслим жеткізген).

Мектеп қабырғасында хиджаб кию бірқатар мәселелердің туындауына алып барары анық. Ұстаздардың қыз балаға деген жиі ескертулері мен тыйым салуы, сыныптастары тарапынан келемежге ұшырауы, қоғамнан қолдау көрмеу сынды әрекеттер жасөспірім оқушы бойында моральдық және психологиялық тұрғыда кемшін түсініктерді қалыптастырады. Оқушының өз ортасынан оқшаулану әрекеті қалыптаса бастайды. «Менікі ғана дұрыс» деген максималистік тұрғыда түсінік пен агрессивті мінез қалыптасып, психологиялық дертке шалдығады. Белгілі бір ортадан оқшауланып, моральдық-психологиялық қиындықтарға тап болған жасөспірім қыздар қолдауды туыс-туғандарынан, достарынан емес, жат адамдар тарапынан іздей бастайды. Мұның салдары орны толмас өкініштерге апарып соғады. Санасы тұмшаланып әлеуметтік ортадан өз орнын таппаған қыз бала ислам атын жамылған ағымдардың жетегіне оңай еріп кетері сөзсіз. Қоршаған ортасын күпірлік жасады деп айыптап, «қарулы жиһад» идеологиясын жақтаушылар қатарынан оңай орын алу ықтималыда аз емес.

Ата-ана баласының білім алуын қамтамасыз етуі міндетті. Білім негізінде жасақталған мектептің ішкі ережесіне бағыну да азаматтық міндеттердің бірі.

Қазақ қыздарының арасында хиджаб тағу үрдісінің белең алғандығын ескерген ҚМБД өз ұстанымын былай деп білдіреді: «... Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Уа, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және иман келтіргендердің әйелдеріне айт: үстеріне жамылғыларын түсірсін...» (Ахзаб, 59) деп бұйырған. Аятта киімнің түсі немесе үлгісі анық айтылмаған. Сондықтан әр ұлт, әр мәдениет өкілдері Алланың әмірін өз ұстанымдары, тарихи таным-түсініктері бойынша орындайды.

ҚМДБ еліміздегі мұсылман қыз-келіншектер мен әйелдерді киім кию үлгісінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақтай отырып, жинақы киінуге кеңес береді. «Көзге ерсі көрінетін, дене бітімін айқындайтын, қара түсті киім-кешектерді пайдаланбаған дұрыс. Ал паранжа (никаб) кию – дәстүрлі

дінімізге, салтымызға қайшы, бұл діні мен дәстүріне берік болған ата-бабларымыздың жолы емес. Мұсылман жамағаты мен ата-аналарды хиджаб мәселесінде қоғамдық келіспеушіліктерге, оқу орындарында әркез кездесетін түсінбеушіліктерге сабырлық сақтауға шақырамыз. Бұл мәселені ушықтыру дұрыс емес».

Мектеп табалдырығын енді ғана аттаған қыз балаға орамал тақтыру орынсыз болып табылады. Өйткені, балиғат жасына толмаған қызға жаулық жабу немесе орамал тағуға міндеттеу – шарифатқа қайшы. Мұндай әрекетке бармас бұрын ата-аналардың байсалды, ұстамды болуларын, ыждаһаттылық танытулары қажет. Мүмкіндігінше мектеп басшыларымен ортақ мәмілеге келулері, қыз баланың толыққанды зайырлы білім алуына назар аударғаны жөн. Білімсіздік – бүлікке бастайды.

Қазақстан мұсылмандары өзі өмір сүріп отырған қоғамнан бөлініп, бөлек тіршілік етпейді. Ата Заңымыз қоғамдық қатынастарды реттейді және азаматтардың бостандығы мен діни сенімдеріне еркіндік береді. Мұсылмандар да Алланың әмірі бойынша заңды сақтайды және оған құрметпен қарауы тиіс» делінген ҚМДБ төрағасы Ержан қажы Малғажыұлы сұхбатында.

Хиджабты жаттандыра түсетін тағы бір жайт бар. Ол хиджаб киген қыздардың мінез-құлқы, пайымдау ерекшелігі, өмір сүру мәнері. Өкінішке орай, Алланың парызын өмір салтына айналдырып, хиджаб киіп жүрген қыздар арасында Алланың жолы, пайғамбардың сүннеті, ата-бабамыздың дәстүрі деп, қазақы үрдіспен орамал таққандары некен-саяқ. Көпшілігі не түріктің, не арабтың тәліміне ұйып, жақыннан туып, жат болған жамағаттардың санатына кіріп, шәкірті болып жүреді. Бірақ жамағатта тек дін ғана үйренілмейді, бөгде тіл де, мәдениет те сіңіріледі. Асыл мен жасықты айыра алатындай деңгейге жетпеген жастар дінді кімнен үйренсе, соның мәдениетін озық, дәстүрін кемел деп таниды. Соның тілімен сөйлеп, соның салтын ұстануды ар көрмейді, сән көреді. Дін дәстүрсіз таралмайды. Дін таратушы сөзсіз дәстүрін қоса таратады.

Дін таратушы жаттанған жамағаттардың іс-әрекетінен саяси немесе діни астар іздемегеннің өзінде осы табиғи түрде жүріп жатқан ұлтсыздану үдерісінің өзі қазаққа жығылған үстіне жұдырық болып табылады. Тағы бір назар аударарлығы – «Біздің ғана жолымыз дұрыс, өзгенің бәрі адасып жүр» деген астам пиғыл әрбір жамағатқа дерлік тән (бөлініп шығудың өзі дұрыстығын дәлелдеуге тырысудан басталады). Осы астамшылық көзқарас хиджаб киген көптеген қазақ қыздарынан анық байқалады. Нәтижесі тағы да әдеттегідей: не өзіне жолыққан әрбір қандасын жамағатына тартуға тырысады, не оларды «күпір» санап, біржола қол үзеді.

Үлкенге сәлем салуды Аллаға серік қосумен шатастырып, қазақтың дәстүрін күпірліктің көрінісі санайтын келіндер де өкінішке орай сол әсіре ағымдарда жүрген хиджаб таққан қыздардан шығып отыр. Хиджабты күнәнің көзінен емес, ұлттың мәдениетінен алыстататын тосқауыл сынды қабылдаған қарақөздеріміз үшін ұлтымыздың таңғажайып ән-күйі де, әуен өнерін

жеткізген музыка аспаптары да шайтанның сыбыры мен сырығынан басқа ештеңе емес. Қазақтың тәрбиелік мәнге толы ырым-тыйымдары мен тағылымға тұнған зиярат әдебін жат ағымға бой ұрған хиджабты қыздардың ортасында ауызға алу қиын.

Хиджаб – мұсылмандықтың символы емес, мұсылман әйелдердің күнделікті киімі. Бірақ қазіргі қоғам хиджабты символ ретінде қабылдап, хиджаб киген қыздарға бір жағынан тосырқай қараса, екінші жағынан оларды имандылықтың үлгісіндей көреді. Өзгелерге қарағанда хиджабты қыздардың қылығы ел назарын көбірек аударады, оларға қойылатын талап та ауыр, олардан күтілетін мінез де ерек. Осындайда киіміне қылығы сай келмей жататын талай хиджабты қыздарымыз көпшіліктің хиджабқа деген теріс көзқарасының қалыптасуына ықпал етіп отыр. Үлкенді сыйлау, жандының жанын ауыртарлық сөз айтпау, жан мен тән тазалығына бірдей көңіл бөлу, өзімшілдіктен аулақ тұру тәрізді қарапайым адамгершілік қағидаларын сақтай білмейтін хиджабты қыздардың аз еместігі өкінішті. «Исламда темекіге ашық тыйым салынбаған» деп көптің көзінше темекі тартатындары да бар. Заманауи үлгімен киініп жүрген қыздардың өзіне ерсі саналатын бұл қылықты хиджабты қыздардан көру тіпті ауыр көрініс. Дін исламның қастерлі құндылықтарын сіңіріп болмай, хиджабты кездейсоқ қабылдағандай көрінетін осындай қыздарды көргенде: «Сырт тазасы не керек, Тазарт әуел ішінді» деген өлең ойға оралады... Адамзаттың асылы болған Мұхаммед пайғамбардың өзі қасиетті хадистерінің бірінде: «Алла Тағала сіздің сырт көрінісіңізге қарамайды, жүрегіңізге назар салады» деп ескерткен.

Хиджаб мәселесіне қатысты Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы жүргізген әлеуметтанулық сауалнама қорытындыларына зер салсақ: «Әйелдердің хиджаб киюінің себебі неде деп ойлайсыз?» деген сауалға респонденттердің 41,2%-ы «сән қуушылық немесе тұрмыс құру мәселесін шешудің жолы» деп жауап берген. Хиджаб киюдің себебін бұлай бағалау бастапқыда тым үстірт пайымдау секілді көрінгенімен, осы мәселеге қатысты хиджабты қыздардың өз аузынан айтылған бірқатар сырларды оқығанда, бұл көзқарастың да негізсіз еместігіне көз жеткізуге болады. Астана қаласындағы жоғарғы оқу орнының 3 курсына оқитын 20 жастағы Самал есімді қыз: «Мен түзу жолдағы мұсылманға тұрмысқа шығу үшін хиджаб кидім. Мұндай адам отбасына қамқор болады, демек мен мұқтаждық көрмей өмір сүремін» деп жазған. 24 жастағы қарағандылық Дана есімді қыз: «Мен хиджаб кигенімнің арқасында тұрмысқа шықтым. Әрине, хиджабты киіп жүру қолайсыз, бірақ оған да үйреніп кетесің» дейді. Ал Қызылорда қаласынан келген 28 жастағы Жазира есімді қыздың әңгімесі тіпті тосын: «Мен кәдуілгі көп қыздардың бірі болып жүргенде тұрмысқа шыға алмай-ақ қойдым. Қалай хиджаб кидім – солай үйлену туралы ұсыныстар қарша борады, тіпті кімді тандарымды білмей, дал болдым. Мен мұсылманға тұрмысқа шықтым, Аллаға енді сене бастадым» дейді ол...

Қазақ үшін қауіп хиджабтың өзінде де, хиджаб арқылы көрінетін діндарлықта да емес, дін формасының ар жағындағы жат мазмұнда. Сол

мазмұнның сыналап ішке еніп, қазақы қалпымыздан, ұлттық менталитетімізден, береке-бірлігімізден айыра бастауында. Ал болмыс бұзылған жерде бүтін ел туралы сөз қозғау қиын – айтып келмейтін апаттар болжаусыз-ақ орын алмақ. Елімізде дәстүрлі дінімізге жат көзқарастағылар арасында әйел адамдардың ислам шариғатына сай құқықтарының тиісті деңгейде сақталмайтындығы байқалып отыр. Ағым құрамындағы әйелдердің жиі талаққа ұшырап, бірнеше рет тұрмысқа шығу үрдісі, ақырындай кімнен туылғаны белгісіз баламен қамқорлықсыз қалып қоюы осыған дәлел бола алады.

Діни санасына сызат түскен әйел адамдар психологиялық тұрғыда жат ағымдар арбауына қарсы тұра алмайды. Ағым жетегінде кеткен әйел адам отбасы шаңырағын шайқалтып қана қоймай, қоғамның дертіне айналады. Әйел адамдарды ислам атын жамылған, деструктивті немесе басқа да сипаттағы ағымдардан арашалау мақсатында еліміздің бірқатар аймақтарында діни ағымдардан зардап шеккендерге психологиялық қолдау көрсету орталықтары өз қызметтерін атқаруда. Олар:

- Алматы қ. «Перспектива» ақпараттық-кеңестік топ қоғамдық орталығы»;

- Талдықорған қ. «Алматы облысының теріс пиғылды ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы» ҚҚ;

- Көкшетау қ. «Сана» дінтанулық ақпараттық-консультативтік орталығы ҚҚ және «Зерделі Ұрпақ» ЖҚБ;

- Тараз қ. «Исследование агрессивных культов» ҚБ;

- Орал қ. «Жайық» деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы» ҚҚ;

- Петропавл қ. «Прозрение-Көз жету» ҚБ;

- Павлодар қ. «Адал» ЖҚБ;

- Қарағанды қ. «Діни-психологиялық-құқықтық кеңес беру орталығы» ҚБ және «Виктория» Әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек орталығы»;

- Атырау қ. «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» ҚҚ;

- Ақтау қ. Жеке жастар қоры «Позитив Ақтау»

- Қызылорда қ. «Сырдария- Руханият» ҚҚ.

Орталықтар тарапынан зардап шеккен азаматтардың діни сенім еркіндігін қамтамасыз етіліп, құқықтық, моральдық-психологиялық және ақпараттық көмек көрсетілуде.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында ҚР МСМ Дін істері комитеті тарапынан бірқатар шаралар атқарылуда. Комитет тарапынан құрылған республикалық ақпараттық-түсіндіру топтары (РАТТ) мен өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтары (АТТ) халықтың діни сауатын арттыру, діни экстремизм мен терроризмге, жат ағымдарға қарсы күресу жұмыстарын жүргізуде.

Аталмыш міндеттер қатарынан әйел адамдар аудиториясымен жұмыс жүргізу де орын алуда. Әйелдердің діни сауатын арттыра отырып, жат ағымдардан сақтандыру, дәстүрімізге сай әйел бейнесін қалыптастыру, отбасылық тәрбие және т.б. мәселелер қамтылуда.

Зайырлылық – мемлекеттің, ал діндарлық – жеке тұлғаның сипаты. Зайырлы мемлекет аясындағы қоғам ішінде діндар да, дінсіз де, құдайды мойындағанмен, құлшылық жасамайтындар да қатар өмір сүре береді. Олардың барлығы да зайырлылық қағидаттарын, мемлекет заңнамаларын мойындамаса, оның аясында тіршілік ете алмас еді. Яғни зайырлы көзқарастарды қабылдап, олардың да дамуға құқылы екенін мойындау – зайырлы мемлекеттегі дінді-дінсіз әрбір азаматқа тән ерекшелік (тіпті өздері оны толық сезінбеген жағдайда да).

Әрбір дәстүрлі дінде зайырлылық қағидаттарымен үндесетін көзқарастар мен құндылықтар жеткілікті дәрежеде кездеседі. Әсіресе исламда зайырлылық қағидаттары мейлінше терең орныққан. Ислам шарифаты мемлекетте өмір сүріп жатқан адам өмірінің барлық қоғамдық қырларын, барша қатынастарын реттеуге бағытталған, бұл орайда діндарлық деңгейіне қатысты ешбір алалау орын алмайды. Сондықтан шынайы мұсылман адам зайырлы көзқарастары да берік тұлға бола алады.

Ал зайырлылықтың басты қағидаттары – ар-ождан және діни сенім бостандығы, құқықтық қорғалу, адамгершілік-өнегелілік қағидаттардан бастау алатын жоғары рухани құндылықтар, өзара құрмет, түсіністік, мәмілегерлік (толеранттылық) ұстанымдарына негізделген ұлтаралық және дінаралық татулық секілді мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен дамуына септесетін қағидаттар.

Жаһандану жағдайында ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін ұлттық бастауларға оралу керек. Ұлтты ұлт еткен құндылықтарды қайта тірілту керек. Далада туған дәстүрді тым болмаса санада сақтап қалу керек. Ұрпақ тәрбиесіне, адам тағдырына шынайы жанашырлықпен қарау керек. Әйел-анаға, отбасына қамқорлық жасау керек. Ең бастысы – рухани-адамгершілік тәрбие саласында жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарсы бағытталған іс-әрекеттерге тосқауыл қойылуы қажет.

Кезінде М.Әуезов те: «Егер қазақ мешел болып қалмасың десең, бесігінді түзе, әйелдің хәлін түзе» деп өсиет айтқан. Әйел адам әрқашан өзінің нәзік болмысты әйел адам екендігін ұмытпай, әдеп сақтауы тиіс. Тарихта есімі қалған Ұлпан, Домалақ аналар, Зере әжеміз, Әлия мен Мәншүктей батырларымыз, Динадай күйшілеріміз біздерге мәрт табиғатымен, өнегелі істерімен үлгі болмақ.

Қазіргі қазақ әйелі дәстүрлі құндылықтараға адалдық танытуда. Ол өзінің елеусіз жүріп, ел басқара білген парасатты болмысын дамытуда. Ұлттық идея мен еліміз ұстанып отырған болашақ туралы стратегия тек тарихилықпен ғана шектеліп қалмайды, логикалық ұстанымды қоса қамтиды, демек, дамуда дәстүршілдік пен жаңашылдық қағидаларын қатар ұсынады. Осыны ескере келсек, исламдағы әйел мәселесінде де, Орта Азиялық және

Қазақстандық өзіндік бір үлгі қажет екендігі сөзсіз. Ол – бүгінгі мемлекетіміз ұстанып отырған дін мәселесіндегі зайырлылық пен діни төзімділік арқылы оң шешімін табуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде, қоғамдық өркениеттерде әйелдің тағдыры әралуан болғаны белгілі.

Исламға дейінгі кезеңде араб қоғамында әйелдің құқығы аяққа тапталды. Қыз балаларды тірідей жерге көметін арабтар өлтіруге қимағандары қыздарын ұл балдарша киіндіріп, жұрттан жасырып ұстаған. Исламнан бұрынғы арабтардың азғынданғаны соншалықты, тіпті олар өгей шешелеріне дейін үйлене беретін болған.

Ал, ислам дінінің келуімен әйелге деген зорлық атаулы күшін жойып, әйелдер ерекше жоғары мәртебеге қол жеткізді. Исламның әйелге бұлай ерекше жоғары мәртебе беруі, исламның ілгерішіл маңызға ие дін екендігін айғақтайды. Исламның келуімен ескі тағылық, тұрпайы іс-әрекеттердің бәріне тыйым салынып, жеңіл жүріс пен көңіл көтеру, зина секілді азғынданудан ада, пәк, белгілі бір тәртіпке бағынған абыройлы отбасылар пайда болды.

Ислам діні әйелдің қоғамдағы орнын биіктетіп, әйелдің құқықтарына құрметпен қарап, оны ана ретінде жоғары бағалауға айрықша көңіл бөлді. Әйелдің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Әйелге Алланың аманаты ретінде қарауға шақырып, оның ешқандай құқығы шектемеді. Қайта өз жаратылысына сай сүйікті жар, аяулы ана ретінде қашан да оның орнын жоғары бағалаған. Қоғамның тәрбиесін қыз баланың тәрбиесімен ұштастыра қарастырған. Әйел затының қоғамның барлық саласындағы орнын айқындап, жат пиғылдылардың бұзық әрекеттерінен қорғауға тырысқан. Осындай құрметке лайық бола білу үшін әйелден де белгілі бір міндеттерді талап етті.

Қай кезеңде болмасын әйел адамның алдында тұрған ең маңызды жауапкершілік – адамзат ұрпағын жалғастырып, оған дұрыс тәрбие беру. Ұлт бесігінің шырақшысы болған әйел-аналардың, ұлт болашағын жалғастырар қыздардың қоғамның рухани жаңғыруына қосар үлесі зор. Өйткені, олар – ұлтқа тән ерекшеліктерімізді, қадір-қасиетімізді, тіліміз бен дінімізді, салт-дәстүрімізді, мәдениетіміз бен тарихымызды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушылар.

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде орныққан соң бұқара халық саяси-экономикалық, әлеуметтік үдерістермен қатар, моральдық және психологиялық өзгерістерді де бастан өткерді. Кеңес идеологиясы салдарынан ұмытыла бастаған рухани құндылықтарға деген сұраныс арта түсті.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап зайырлы мемлекет құра отырып, дәстүрлі құндылықтарды дамыту қолға алынды. Біздің басты мақсатымыз дәстүрлікұндылықтарды, салт-дәстүрімізді шынайы дәріптеумен қатар жас ұрпақты имандылыққа және салауатты өмір салтына тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда жастардың діни сауаттылығын қалыптастырып, теріс ағымдардың шырмауында кетпеуіне әйел аналардың қосар үлесі мол.

Соңғы жылдары әйел адамдардың қоғамдық өмірдегі, саясаттағы, бизнестегі және т.с.с. орны мен рөлі артуда.

Мемлекетіміздің ірге тасының нығаюына, экономиканың тұрақтылығы мен демографиялық мәселелердің шешім табуына, ұлттық идеологияны дамытуда да әйел адамдардың орны ерекше. Отанымыздың өркендеуі жолында халқымыздың жоғын жоқтап, ар-намысын қорғайтын ертеңгі ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің басты мәселесі.

Қазақ әйелдерінің қазақи болмысын сақтап қалу ертеңгі ұрпақтарымыздың жарқын болашағының кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kuzu S., Kadının Mirası Ve Eşitlik, Yeni Ümit Dergisi
2. Құрманбаев Қ. Исламдағы адам құқықтары – Алматы, 2012. – 204 бет.
3. Хайламаз Р. Барша мұсылманның ардақты анасы хазірет Айша. Алматы. Көкжиек. 2015ж.
4. Ериш М. Әйел сахабалар. Алматы. 2006 ж.
5. Бисенбаев А.К. Көне түркілердің аңыздары. Алматы, «Ан-Арыс», 2008 – 120 бет.
6. 19. Қыдырәлі Д. Атымды адам қойған соң... «Таймас» баспасы. Алматы 2008.
7. Қаржаубай С. Орхон мұралары. Күлтегін. Астана 2003.
8. Қодар Ә.Ә., Зуев Ю.А., Досымбаева А.М., Торланбаева К.Ө. Ұлы даланың ұлы қыздары. Анықтамалық. I том. Алматы, «Ұмай баспасы». 2003. – 264 бет.
9. Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы: дөңгелек үстел материалдарының жинағы. – Астана, 2013. – 146 бет.
10. Мағауин М. Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. XV-XVIII ғасырлар. Алматы: Атамұра. – 2006. – 312 бет.
11. Мұхан Исахан. Қазақтың әлімсақтан бергі әйел жайлы түсінігі. Қазақстан-ZAMAN. 2011. № 9.
12. Орынбаева Р. Қазақстандық алғашқы қайраткер әйелдер. 1917-1937жж. Алматы: Ағна-б, 2012. – 202 бет.
13. Сарсенова Ж.Н. Гендер туралы түсінік. Оқу құралы. Алматы: Нур-Принт, 2010. – 68 бет.
14. «Дін және әйел» республикалық форумының материалдары. Астана, 2013 жыл. Баспаға дайындағандар: А.Әбдірәсілқызы. Редакторы: М.Әзілханов. – Астана, 2013. – 60 бет.
15. Әбдірәсілқызы А. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Баспалар үйі. 2014. – 296 бет.
16. Исахан М., «Ислам мәдениетіндегі әйел мәртебесі», <http://old.abai.kz/node/7479>
17. Paksu M. Şahitlikte niçin bir erkek şahit yerine iki kadın şahit istenir? <http://www.sorularlailamiyet.com/article/115/sahitlikte-nicin-kadinlarin-hakki-erkegin-yarisidir.html>)
18. Бағашар Қ. Ислам дініндегі әйелдің орны, <http://www.islam-orkeniet.kz/?p=1653>
19. Cennetle müjdelenen hanımlar,
20. http://archive0.turkystan.kz/page.php?page_id=51&id=8549
21. «Арабтардың исламға дейінгі қоғамдық ахуалы», http://www.asylarna.kz/informaciya/stati_i_publikacii/arabtardy_islama_dejng_oamdy_ahualy/
22. http://www.elibrary.kz/download/zhurnal_st/st13311.pdf
23. kazakzaman.kz/kz/newsDetail_getNewsById.action?newsId=54947

24. http://www.rusnauka.com/35_FPN_2014/Philologia/7_180262.doc.htm
25. Жұбанов А., «Исламға дейінгі әйел заты және әйел затының Исламда алатын орны», http://baq.kz/kk/regional_media/post/6176
26. www.fatua.kz.
27. www.stat.gov.kz.
28. http://baq.kz/kk/regional_media/post/43070
29. İslamda kadın hakları, <http://huzurislamda.com>
30. Таşпинар Н., Мâtüridiye ile Eş'arîyye Mezhepleri Arasında İhtilaf mı? <http://m.sorularlaislamiyet.com/index.php?oku=14110>
31. Kadinin Eşini Seçme Hakki Ve İslam, <http://www.islamustundur.com/konular/islamvekadın.htm>
32. Жұмағұлов Қ. Исламда талақ мәселесі, http://islam-shalkar.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1697:2015-05-26-05-44-03&catid=1:2011-02-11-09-16-42&Itemid=1
33. <http://www.islamseli.com/konu/cennetle-mujdelenen-hanimlar.49466/>

ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ
Ақпараттық-анықтамалық материал

Астана қ., Орынбор кешесі, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты,
15 кіреберіс

Басуға 21.12.2015 ж. берілді.
Тапсырыс №13. Бағасы келісімді.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылды.
«Алтын кітап» баспасы.
010000, Астана қ-сы, Бейбітшілік к-сі 34, 3-каб.
тел.: 8 7172 310903, e-mail: altynkitap@mail.ru